

ЕКІ ЕЛ БАЙЛАНЫСЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ КЕЗЕҢІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жапонияға алғашқы ресми сапары барысында Император Нарухитомен кездесті. Президент қонақжайлық танытқаны үшін Жапония Императорына ризашылығын білдірді.



Мемлекет басшысы Қазақстан халқы Күншығыс елінің тәртібі мен табандылығын әуелден үлгі тұтатынын атап өтті. Сондай-ақ екі елді өзара құрмет пен түрлі саладағы табысты ықпалдастыққа негізделген байырғы достық қатынастар біріктіретінін жеткізді.

Император Нарухито Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың сапары Жапония мен Қазақстан арасындағы байланыс тарихында елеулі уақиға ретінде қалатынын және екіжақты қарым-қатынасты жаңа деңгейге шығаратынын айтты.

Мемлекет басшысы мен Император өзара ынтымақтастық мәселелері және халықаралық күн тәртібі жөнінде пікір алмасты.

Бұдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев Мейджи Джингу ғибадатханасын аралады.

1920 жылы салынған кешен императорлық киелі орын саналады. Оның аумағында 120 мыңға жуық ағаш пен жасыл желегі бар саябақ орналасқан.

Ғибадатхана түбегейлі саяси және әлеуметтік-экономикалық реформалар жүргізу арқылы Жапонияны әлемнің дамыған елдерінің біріне айналдырған император Мейджиге арналған.

Кешенмен танысқан соң Мемлекет басшысы Құрметті қонақтар кітабына жазба қалдырды.

«Мейджи Джингу — берекелі бірлік пен ұлттық сана-

сезімнің символы. Жапон халқы үшін осы қасиетті ғибадатхананың тарихи мәні маңызды ерекше. Күншығыс елі өсіп-өркендей берсін!» — деп жазды Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осыдан соң Мемлекет басшысы қазір Жапонияда білім алып, түрлі салада қызмет етіп жүрген Қазақстан азаматтарымен кездесті.

Президент Жапония сияқты дамыған елдің тәжірибесін зерделеу маңызды екенін айтты.

— Бұл сапар екі ел арасындағы қарым-қатынасқа тың серпін береді деп ойлаймыз. Жапон тарапы да үлкен мән беріп отыр. Бүгін Премьер-министрмен кездесемін. Ынтымақтастығымыздың келешегі зор болатынына ешқандай күмән жоқ. Өздеріңізге белгілі, Қазақстан өз дамуында жаңа кезеңге қадам басты. Биыл ел экономикасының өсімі 6 пайыздан асты. Бұл — өте жақсы көрсеткіш. Дегенмен мұнымен тоқтап қалуға болмайды. Инфляцияны төмендету, инфрақұрылымды жаңарту қажет. Қазақстан келешекте цифрлық елге айналуы керек. Алдымызда осындай үлкен мақсаттар тұр, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Отандастарымыз арасынан Ritsumeikan Азия — Тынық мұхиты университетінің вице-президенті, профессор Серік Мейірманов, ARIA Consulting негізін қалаушы Арайлым Хасан, Showa және Juntendo медицина универ-

ситеттерінің доценті Әбдібек Қалибек, Ailia компаниясында жасанды интеллект технологиясымен айналысатын инженер Эльдар Төлеубай сөз сөйлеп, өздерінің Күншығыс еліндегі жетістіктерін бөлісті.

Президент Жапонияда тұрып жатқан қазақстандықтарға табыс тіледі.

Бұдан кейін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Тошиаки Эндо бастаған Жапония Парламентінің Қазақстанмен достық лигасы мүшелерімен кездесу өткізді. Мемлекет басшысы Достық лигасының қызметіне жоғары баға беріп, оны екіжақты ынтымақтастықты нығайтудың маңызды тетігі ретінде қарастыратынын атап өтті.

— Еліміз Токиомен жан-жақты ықпалдастықты одан әрі арттыруға баса мән береді. Парламентаралық диалог тереңдей түсті. Түрлі деңгейдегі байланыстар тұрақты түрде жалғасуда. Сауда-экономика және инвестиция саласындағы екіжақты қатынастарымыз тың серпінмен дамып келеді. Жапония Қазақстандағы ірі инвестордың қатарына кіреді. Былтыр тауар айналымы 2 миллиард долларға жетті. Бұл — Жапонияның Орталық Азия мемлекеттерімен жалпы сауда көлемінің 70 пайызынан астамы деген сөз. Сондай-ақ көлік-логистика, энергетика, ауыл шаруашылығы және басқа да салаларда нақты жобалар бар. Біз бүгін Император Нарухитомен кездесуде медицина саласы, су мәселесі бойынша пікір алмастық. Шын мәнінде, екіжақты ынтымақтастықтың келешегі зор. Мәдени-гуманитарлық байланысымыз тереңнен тамыр тартады. Екі ел білім және ғылым, мәдениет пен өнер, спорт және туризм салаларында өзара тығыз ықпалдастық орнатты. Биыл Осакада өткен Дүниежүзілік көрме аясында қазақтың ұлы ақыны, ғұлама ойшылы Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толуын атап өттік, — деді Қазақстан Президенті.

(Жалғасы 2-3-беттерде)

ПРЕЗИДЕНТ САММИТКЕ ҚАТЫСАДЫ

Қазақстан Президенті Жапония Премьер-министрінің атынан Орталық Азия елдері басшыларының құрметіне арналған ресми қабылдауға қатысу үшін Акасака мемлекеттік сарайына келді



Қасым-Жомарт Тоқаевты Санаэ Такаичи қарсы алды.

Мемлекет басшысы бүгін «Орталық Азия — Жапония» диалогының бірінші саммитіне қатысады.

Асхат АЙМАҒАМБЕТОВ,
Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі:

ДӘРІГЕРГЕ ҚАРСЫ ЖАСАЛҒАН ҚЫЛМЫС ТҰТАС ҚОҒАМҒА ҚАУІП ТӨНДІРЕДІ



Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев медицина қызметкерлерін осындай зорлық-зомбылықтан қорғау үшін, заңнамалық өзгерістерді енгізу туралы тапсырма берді. Бұл, шын мәнінде, өте маңызды шешім және әлемнің ең

дамыған мемлекеттерінде қабылданып жатқан дәл осындай заңдар бар екенін айта кеткеніміз жөн.

→ 6

Мұхағали ҚАЛАМБАЙ, астрофизик:

ӨЗГЕ ҒАЛАМШАРЛАРҒА БАРУҒА ҒҰМЫРЫМЫЗ ЖЕТПЕЙДІ

Ғарыш әлемі адамзатқа қашанда қызық. Қазір соңғы технологиялардың арқасында ғарышқа саяхаттауға, телескоппен жаңа ғалам-шарларды ашуға болады. Тіпті аспан әлемін зерттейтін ғылым салалары да жыл өткен сайын көбеюде. Біз ғарыш кеңістігіндегі соңғы жаңалықтар туралы астрофизик, Heriot-Watt университеті Ақтөбе кампусының аға-оқытушысы, PhD доктор Мұхағали Қаламбаймен сұхбаттастық.



(Жалғасы 16-бетте)

АҚОРДА

20 ЖЕЛТОҚСАН 2025 | СЕНБІ

ЕКІ ЕЛ БАЙЛАНЫСЫНЫҢ

(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы жаһандық өзекті мәселелерге қатысты Қазақстан мен Жапонияның ұстанымдары ортақ екеніне тоқталды.

— Біз Біріккен Ұлттар Ұйымы және басқа да халықаралық құрылымдар аясында бейбітшілікті қамтамасыз ету, ядролық қарусыздану мәселелері бойынша бір-бірімізді үнемі қолдап келеміз. Қазақстан аймақаралық ынтымақтастығымыздың маңызды тетігі саналатын «Орталық Азия + Жапония» саммитіне айрықша мән береді. Премьер-министр Санаэ Такаичи ханыммен өтетін кездесуде бірқатар мәселені талқылаймыз. Бұл келіссөздер саяси диалогты тереңдетіп, экономикалық және гуманитарлық алыс-берісті жандандыруға жол ашады. Халықтарымыз өсіп-өркендеп, өзара тиімді қарым-қатынасымыз нығая береді деп сенемін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осыдан соң Мемлекет басшысы Жапонияның Премьер-министрі Санаэ Такаичимен келіссөз жүргізді.

Алдымен Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевты салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Құрмет қарауылы сап түзеіп, қос елдің мемлекеттік әнұрандары шырқалды. Құрмет қарауылының бастығы рапорт бергеннен кейін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Санаэ Такаичи бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды.

Содан соң Премьер-министр офісінде қазақ-жапон келіссөздері басталды.

Мемлекет басшысы Қазақстан делегациясына қонақжайлық көрсеткен Санаэ Такаичиге ризашылығын білдірді.

— Бұл сапар, шын мәнінде, екі ел арасындағы қарым-қатынастың жаңа кезеңі. Біз Жапонияны әрқашан Азиядағы уақыт тезінен өткен сенімді серіктесіміз деп санаймыз. Бүгінгі Жапония — ғасырлар бойы қалыптасқан даналық пен бірегей дәстүрді заманауи инновациямен үйлесімді жарастырған, дамыған мемлекет. Сіздің парасатты әрі мықты басшылығыңызбен еліңіздің халықаралық аренадағы ролін одан әрі нығайтатын ауқымды реформалар жүргізіліп жатыр. Біз Жапонияны алыстағы көршіміз, дегенмен жақын әрі сенімді досымыз деп жиі айтамыз. Өзара байланыстарымыздың тарихы тереңде. Бұған дейін Сіздің еліңізге төрт рет келген едім. Бұл — менің Президент ретіндегі алғашқы сапарым. Қазақ-жапон қарым-қатынасының берік институционалдық негізі қалыптасқан. Өзіңіз айтқандай, 2004 жылы Жапонияның сол кездегі Сыртқы істер министрі Кавагучи ханыммен бірге «Орталық Азия + Жапония» форматына бастамашы болдық. Сыртқы істер министрлері деңгейіндегі алғашқы кездесу Астанада өтті. Бүгінде мұндай кездесулердің кеңінен танылғаны соншалық, ірі мемлекеттердің көбі «Орталық Азия плюс» платформасын құптайды. Бірақ Жапония бұл диалог алаңының алғашқы бастамашысы және негізін қалаушы болып қала береді, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жапония Премьер-министрі Қазақстан Президентінің ресми сапары екі елдің өзара тиімді ынтымақтастығына тың серпін беретініне сенім білдірді.

— Сізбен жүздескеніме қуаныштымын. Осыдан 21 жыл бұрын Сыртқы істер министрлерінің «Орталық Азия + Жапония» форматындағы алғашқы жиыны өткен еді. Оған Өзіңіз төрағалық еттіңіз. Бүгін, міне, «Орталық Азия + Жапония» форматындағы мемлекет басшыларының кездесуіне Президент лауазымында қатысқалы отырсыз. Қазақстанды заң үстемдігіне негізделген еркін әрі ашық әлемдік тәртіпті нығайту ісінде стратегиялық серіктес ретінде қарастырамыз. Өзара тиімді қарым-қатынасты одан әрі дамыту үшін Сізбен тығыз ынтымақтастықты жалғастыруға ниеттіміз, — деді Санаэ Такаичи.



Келіссөздер барысында сауда-экономикалық, инвестициялық, көлік-логистикалық, энергетикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы екіжақты байланыстарды дамыту перспективасы егжей-тегжейлі талқыланды.

Келіссөз қорытындысы бойынша Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Премьер-министр Санаэ Такаичи Бірлескен мәлімдеме қабылдады.

Екі елдің ресми делегация мүшелері 14 үкіметаралық және ведомствоаралық құжатқа қол қойды.

НӘТИЖЕЛІ КЕЛІСІМ КӨП

Сапар аясында Қасым-Жомарт Тоқаев Rakuten Group компаниясының басшысы Хироши Микитаниді қабылдады.

Жапониядағы ресми сапары аясында Қазақстан Президенті Rakuten Group компаниясының негізін қалаушы, басқарма төрағасы және бас директоры Хироши Микитанимен кездесті.

Мемлекет басшысы Rakuten тобының әлемдегі ең озық жаһандық цифрлық экожүйе қалыптастыруда қол жеткізген жетістіктерін жоғары бағалады.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, технологиялық даму мен цифрлық трансформацияның жаңа кезеңіне қадам басқан Қазақстан компания тәжірибесіне зор қызығушылық танытады. Президент елімізде алғаш рет жасанды интеллект туралы заң қабылданып, бірінші ұлттық суперкомпьютер іске қосылғанын, электрондық үкімет қызметі мен цифрлық экожүйе жетілдіріліп жатқанын жеткізді.

Осы орайда Мемлекет басшысы Rakuten компаниясының Қазақстандағы қызмет аясын кеңейту, сондай-ақ Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігімен тығыз қарым-қатынас орнату ниетін құптады. Атап айтқанда, еліміз компанияның қатерлі ісік ауруларын емдеуге арналған биотехнология саласындағы әзірлемелеріне қызығушылық танытады.

Хироши Микитани Қасым-Жомарт Тоқаевқа компания жұмысына оң баға бергені үшін алғыс айтып, Қазақстан Президентімен кездесу зор мәртебе екеніне тоқталды. Ол елімізде цифрлық бастамаларды дамытудың жоғары қарқынын атап өтіп, оларды жүзеге асыру үшін ауқымды инвестиция тартылғанына назар аударды.

Бұдан кейін Токиода Президент Қасым-Жомарт Тоқаев кәсіпқой сумошы Еркін Балтағұлмен кездесті.

Мемлекет басшысы Жапонияда білім алып, он жылдан бері ірі халықаралық жарыстарда көш басынан көрініп жүрген Еркін Балтағұлды қазақстандықтар мақтан тұтатынын атап өтті.

Сонымен қатар Император Нарухитомен кездесуде балуанның жетістіктері туралы әңгіме қозғалғанын айтты.

Қазақстандық спортшының лақап аты — Кимбозан. Бұл — атакты бапкер әрі төл сумо мектебінің негізін қалаушы, ояката Кисенің туған жері Кумамото префектурасындағы таудың атауы.

Өз кезегінде Мемлекет басшысы Токио губернаторы Юрико Коикэмен кездесу өткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Юрико Коикэ цифрландыру, Smart city технологияларын және қаланы орнықты дамыту, жасанды интеллект, шаһарды басқару ісіне инновациялық шешімдерді енгізу салаларындағы ынтымақтастық мәселелерін талқылады. Сонымен қатар мегаполистердің тұрғындары мен қонақтары үшін анағұрлым жайлы, экологиялық тұрғыдан таза, қауіпсіз және инклюзивті орта қалыптастыру жайын қарастырды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Астана қаласының әкімі Жәніс Қасымбек пен Токио губернаторы Юрико Коикэ Қазақстан және Жапония астаналары арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды.

Мемлекет басшысы қаланы басқару ісіне жасанды интеллектті енгізу бойынша екі ел астаналары арасындағы ынтымақтастықтың әлеуеті зор екеніне тоқталды.

Кездесуде Қасым-Жомарт Тоқаевқа Токио қаласының Smart city тұжырымдамасы таныстырылды. Жоба халықтың тұрмыс сапасын жақсартуды, шаһарды басқару тиімділігін арттыруды және орнықты даму үшін озық технологияларды пайдалануды көздейді.

Осыдан соң Президент Токионың Төтенше жағдайлар жөніндегі ахуалдық орталығын аралап көрді. Бұл азаматтық қорғаныс пен қаладағы қауіп-қатерлердің алдын алудың негізгі жүйесі саналады.

Орталықтың басты міндеті — қаладағы ахуалға ұдайы мониторинг жүргізу, төтенше жағдай кезінде билік органдарының іс-әрекетін үйлестіру, ықтимал қатер мен болған апаттар (жер сілкінісі, тайфун, су тасқыны, ірі техногендік апаттар, лаңкестік актілер) туралы ақпараттарды талдау. БАҚ пен әлеуметтік желілердегі жалған ақпараттың таралуына қарсы іс-қимылға баса көңіл бөлінеді. Бұл жұмыспен тәулік бойы мониторинг жүргізетін арнайы бөлімше шұғылданады. Ал күнделікті өмірде кешен дағдарыс жағдайларын басқару жүйесін жоспарлау және жетілдіру, азаматтық қорғаныстың өңірлік жоспарын әзірлеу, оқу-жаттығу жиындарын дайындау және өткізу, халықты құлақтандыруға, апаттардың салдарын жоюға арналған ақпараттық жүйелерді дамыту ісімен айналысады.

Сапар кезінде Мемлекет басшысы Sumitomo компаниясының президенті Шинго Уэноны қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Токиода Жапонияның ірі және ықпалды сауда-инвестициялық корпорациясының бірі саналатын Sumitomo жетекшісімен кездесті.

Қазақстан Президенті еліміз Sumitomo корпорациясының орнықты даму мен бизнестің жауапкершілігін арттыруға бейілдігін жоғары бағалайтынын, сондай-ақ компанияны ұзақмерзімді серіктес ретінде қарастыратынын атап өтті.

Шинго Уэно Мемлекет басшысына «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық компаниясымен бірлескен жобаны іске асыру жайында мәлімет берді. Аталған жоба ядролық медицина саласында уран өнімдерінен ем-шараға қолдануға арналған радиий изотоптар алудың ғылыми-негіздемелік әдістерін әзірлеуді қарастырады.

Кездесуде көлік-логистика, энергетика, атом өнеркәсібі, металлургия және геологиялық барлау саласында бірлескен инвестициялық бастамаларды жүзеге асыру перспективасы талқыланды.

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ
ДАМУДЫҢ ТҰҒЫРЫ

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Жапония металл және энергетикалық қауіпсіздік жөніндегі ұйымының (JOGMEC) төрағасы Ичиро Такахаруды қабылдады.

Кездесуде геологиялық барлау, аса маңызды минералдарды өндіру және өңдеу, сондай-ақ табиғи ресурстарды орнықты басқару бағыттарындағы ынтымақтастық перспективасы талқыланды.

Мемлекет басшысы JOGMEC компаниясының Қазақстанда жобаларды жүзеге асыруға қызығушылық танытып отырғанын жоғары бағалады.

Әңгімелесу барысында ұйымның еліміздегі геологиялық барлау жобаларына қатысу және өкілдік ашу мүмкіндіктері қарастырылды. Президенттің пікірінше, бұл бірлескен жобаларды тиімді үйлестіруге, сондай-ақ Жапонияның өндірістік және технологиялық компанияларының Қазақстан нарығына көптеп келуіне ықпал етеді.

JOGMEC — Жапонияның энергетикалық және минералды шикізат қауіпсіздігіне жауапты негізгі мемлекеттік институты. Ұйым мұнай, газ, сутегі, аммиак және сирек кездесетін металдардың тұрақты жеткізілімін қамтамасыз ететін мемлекеттік оператор міндетін атқарады.

Бұдан кейін Қазақстан Президенті Mitsui компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы Тацуо Ясунагамен кездесті.

Президент Қазақстандағы белсенді қызметі және Жапониямен экономикалық ынтымақтастықты нығайтуға қосқан үлесі үшін Mitsui басшылығына ризашылығын білдірді.

Қазір кәсіпорын халықаралық жеткізу тізбегін қалыптастыруда, инфрақұрылымды дамытуда, энергетика мен өнеркәсіп салаларын өрістетуде маңызды рөл атқарады.

Мемлекет басшысы Қазақстан экономиканың негізгі секторларында Mitsui компаниясының қызмет аясын кеңейтуге ниетті екенін жеткізді. Атап айтқанда, компанияның Астанада күрделі жөндеу және құрал-жабдықтарды қайта қалпына келтіру бойынша өндірістік кешен құрылысына қатысу жоспарын мақұлдады.

Сондай-ақ өзара қызығушылық танытқан салалар қатарында аса маңызды минералдар, көлік-логистика, табиғи апаттардың алдын алуға арналған технологияны енгізу бағыттары бар.

Қазақстан Президентінің Токиоға сапары аясында Mitsui компаниясымен бірқатар бірлескен жобаны жүзеге асыру жөнінде меморандумға қол қою жоспарланған.

Қасым-Жомарт Тоқаев Komatsu компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы Хироюки Огаваны қабылдады.

Кездесуде Мемлекет басшысы Komatsu компаниясы еліміздің тау-кен инфрақұрылымын дамытуға елеулі үлес қосып келе жатқан сенімді әрі уақыт тезінен өткен серіктесі саналатынын атап өтті.

АҚОРДА

20 ЖЕЛТОҚСАН 2025 | СЕНБІ

ЕЛЕУЛІ КЕЗЕҢІ

ҰТЫМДЫ ҰСТАНЫМ

Президент компанияның Астана қаласында техникаларды күрделі жөндеуге және қайта қалпына келтіруге арналған өндірістік кешен салу туралы шешімін құптады.

Хироюки Огава стратегиялық тұрғыдан маңызды нарық саналатын Орталық Азияның әлеуеті жоғары, мүмкіндігі мол екеніне тоқталды. Ол жаңа кешеннің аймақтағы тау-кен компанияларының техникаларын аз уақыт ішінде төмен бағада жөндейтін әрі оларға жедел сервистік қызмет көрсететін өңірдегі ірі хабқа айналатынын мәлімдеді.

Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан өндірісті локализациялауға, елдер арасындағы өнеркәсіптік ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға, ұлттық экономиканың

Бұдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев Токио қаласындағы Біріккен Ұлттар Ұйымы университетіне барып, «Дүрбелеңге толы дәуірдегі стратегиялық сенімді қалпына келтіру: әділетті әрі тұрақты әлем құру жолындағы Қазақстанның ұстанымы» тақырыбында дәріс оқыды.

— Осы айтулы оқу орнында аймақтағы елдер арасынан алғашқы дәріс оқыған Мемлекет басшысы атану — мен үшін зор мәртебе. Мұны халықаралық аренадағы рөлі артып келе жатқан Қазақстанға шынайы құрмет деп қабылдаймын. Сондай-ақ біздің мультилатерализмді ілгерілетуге әрі жаһан-



бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін озық технологиялар алуға ниетті.

Кездесу барысында маман даярлау мәселесіне баса мән берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Komatsu компаниясының елімізде операторларға, механиктер мен инженерлерге арналған аймақтық оқыту орталығын ашу туралы бастамасына қолдау білдірді. Сондай-ақ бұл жобаның адами капиталды дамытуға, өнеркәсіптік серіктестікті тереңдетуге зор үлес қосатынын айтты.

Komatsu құрылыс, тау-кен, жол және индустрия салаларына қажетті техникалар өндіруге маманданған әлемдегі ең ірі машина жасау корпорацияларының бірі саналады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Hitachi Construction Machinery компаниясының президенті Масафуми Сэнзакиді қабылдады.

Кездесу барысында қазақстандық тау-кен кәсіпорындарының жапондық компаниямен ынтымақтастығын кеңейту перспективасы қаралды.

Мемлекет басшысы Hitachi Construction Machinery компаниясының өңірдегі басты серіктесі саналатын Қазақстан өзара тиімді байланыстарды тереңдетуге дайын екенін атап өтті.

Президенттің пікірінше, алдағы уақытта кен орындарының қажеттілігі үшін өндіріс локализациясы мен құрал-жабдықтарды жөндеу ісіне басымдық беру маңызды.

Қасым-Жомарт Тоқаев цифрландыру, «жасыл» технологияларды енгізу және дербес көлік жүйесі бірлескен жұмыстың перспективті бағыттары бола алады деп санайды.

Масафуми Сэнзакидің айтуынша, компанияның басты мақсаты — жаһандық деңгейдегі, сонымен бірге Қазақстандағы жобаларды жүзеге асыру аясында жоғары технологиялы, төмен көміртекті, қауіпсіз шешімдер әзірлеуі әрі оны өндірісте қолдану.

Hitachi Construction Machinery — құрылыс және тау-кен техникаларын шығаратын әлемдегі жетекші кәсіпорындардың бірі. Компанияның экскаваторлары, карьерге арналған жүк көліктері және басқа да техникалары 150-ден аса елде, соның ішінде Қазақстандағы ірі кен орындарында жұмыс істейді.

дық қауіпсіздікті қолдауға бағытталған танды еңбегімізді мойындаудың белгісі ретінде қарастырамын. Біріккен Ұлттар Ұйымы менің өмірімде ерекше орын алады. Өйткені осы Ұйымда Бас хатшының орынбасары және Женевадағы өкілдіктің Бас директоры, Қарусыздану жөніндегі конференцияның Бас хатшысы лауазымдарын атқару бақытына ие болдым, — деді Президент.

Мемлекет басшысы Университет ұжымын оқу орнының құрылғанына 50 жыл толуымен құттықтап, БҰҰ-дың бүкіл халықаралық қоғамдастықтың игілігі үшін нақты шешімдер әзірлеуге қосқан үлесін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев өзі ұстанатын қағидаттар мен жапон этикасы арасындағы үндестікке тоқталды. Яғни, үйлесім, дағдалы және жауапты көшбасшылық — шынайы күш-қуаттың қайнары.

— Ханзада Сётоку VII ғасырда «үйлесімділік бәрінен биік бағалануға тиіс» деп жазды. Бүгінде бұл қағидат мемлекеттік басқаруда және халықаралық қатынастарда басты рөл атқарып, Қазақстанның сыртқы саясатында айқын көрініс тауып отыр, — деді Президент.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы дағдарыс белең алған және көпжақты ынтымақтастық тетіктері айтарлықтай әлсіреген кәзіргі кезде әділетті әрі тұрақты әлем құру жөніндегі ой-пікірін бөлісті.

Кейінгі он жылда жер жүзінде қарулы қақтығыстар көбейіп, ушығып кетті. Әлемдегі әскери шығын былтыр 2,7 триллион долларға жеткен. Бұрын-соңды мұндай болмаған. Сонымен қатар алпауыт елдер арасындағы стратегиялық бақталастық шырқау шегіне жетті. Соның салдарынан БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі қандай да бір ірі халықаралық қақтығыстарды шеше алмайтын дәрменсіз күйге түсті, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің пікірінше, халықаралық қоғамдастық институттары тиімді қызмет етуі үшін өзара сенімді қалпына келтіруі қажет.

— Стратегиялық сенімнің жаңа мәдениеті халықаралық ынтымақтастық пен ұжымдық

шешім қабылдау үдерісінің негізі болуға тиіс. Осы ретте Қазақстан аталған қағидаттарды Азиядағы өзара сенім шаралары жөніндегі кеңес пен Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі секілді аландар арқылы үнемі ілгерілетіп келеді. Бүгінгі сын-қатерлерге бірде-бір мемлекет жалғыз өзі төтеп бере алмайтыны рас. Тек түбегейлі және тиімді ұжымдық іс-қимыл ғана ұзақмерзімді нәтиже береді. Бұл орайда БҰҰ халықаралық қатынастарды реттейтін әмбебап әрі баламасы жоқ ұйым рөлін атқаруды жалғастыра беруі керек, — деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы геосаяси тұрғыдан жікке бөлінудің күшеюі мен ірі державалар арасындағы сенімнің төмендеуі салдарынан БҰҰ мүмкіндіктері барған сайын шектеле түскеніне назар аударды. Сол себепті Ұйымды жан-жақты реформалау жай әңгіме күйінде қалмай, ортақ басымдыққа және стратегиялық қажеттілікке айналуға тиіс.

— Кез келген маңызды реформа БҰҰ Жарғысына сай іске асырылуы керек. Егемендік, аумақтық тұтастық және дау-дамайды бейбіт жолмен реттеу секілді негізгі қағидаттар мүлтіксіз сақталуға тиіс, ешкімге артықшылық берілмеуі қажет. Сонымен бірге, Жарғының кейбір ережелері ХХІ ғасырдың талаптарына сәйкес келмейді. Соның ішінде Ұйымға айтарлықтай қолдау көрсетіп келе жатқан Жапонияға және басқа да елдерге қатысты әділетсіздік бар. Әлем өзгерді, ал Жарғы осы өзгерістердің соңынан ілесе алмай отыр. Жауапты диалогқа көшіп, келешекте құжаттың сенімділігі мен өзектілігін қамтамасыз етудің уақыты келді деп санаймын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қауіпсіздік Кеңесін реформалау кейінге ысыруға болмайтын өте маңызды міндет екеніне тоқталды. Президент аталған орган қызметіне орта державаларды, Азия, Африка және Латын Америкасы елдерін кеңінен қатыстыруға шақырды.

— Қауіпсіздік Кеңесінде жауапты орта державалардың үні анық естілуге тиіс. Олар ірі ойыншылар арасында қайшылықтар болған жағдайда арағайындық жасап, шешімдерді ілгерілетуге септігін тигізе алады. Қазақстан сыртқы саясаттағы миссиясын осы бағытпен байланыстырады. Біз берік ұстанымға негізделген теңгерімді, сындарлы, көпвекторлы дипломатия жүргіземіз. Бұл біздің ұлттық мүддемізге сай келеді әрі ұдайы БҰҰ Жарғысына сүйенетін дамушы орта держава ретіндегі болмысымызды көрсетеді, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев орайлы сәтті пайдаланып, елдеріміз арасындағы байланысты жолға қоюға зор үлес қосқан Жапонияның бұрынғы Сыртқы істер министрі Ёрико Кавагучи ханымға ризашылығын білдірді. Президент оның «Орталық Азия және Жапония» саммитіне бастамашы болғанын еске салды.

Мемлекет басшысы Қазақстанның беделді әрі сенімді серіктес ретінде кеңінен мойындалғанын айтты.

— Қазақстан жақын көршілері — Ресеймен, Қытаймен және Орталық Азия елдерімен жан-жақты стратегиялық серіктестікті дамытып келеді. Біз бұл тату көршілікті Қазақстанның тұтас Еуразиядағы сенім мен өзара байланысты нығайтуға мүмкіндік беретін стратегиялық артықшылығы деп білеміз. Сондай-ақ Америка Құрама Штаттарымен және Еуропа Одағымен ұзақмерзімді ықпалдастықты кеңейтіп, Таяу Шығыспен, Азия және Жаһандық Оңтүстік елдерімен байланысты күшейтеміз. Жапонияның Қазақстан үшін маңызы зор. Сауда-инвестициялық ынтымақтастықтың мүмкіндіктеріне жол ашу мақсатында достығымыз бен қарым-қатынасымызды одан әрі тереңдетуге ниеттіміз. Геосаяси тұрғыдан жікке бөлінген әлемде Қазақстанның мұндай теңгерімді әрі тұрақты ұстанымы конструктивті дипломатияны қуаттай түседі, — деді Президент.

Ушыға бастаған ядролық қатер проблематикасына дәріс барысында айрықша назар аударылды. Қасым-Жомарт Тоқаев адамзаттың ядролық қарудан тартқан зар-

дабын Қазақстан мен Жапония сияқты терең түсінетін ел кемде-кем екенін айтты.

— Хиросима, Нагасаки және Семей қасіреті ядролық қаруға жауапкершілікпен қарап, ұстамдылық танытудың қаншалықты маңызды екенін еске салады. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Семей ядролық полигонын жабу және әлемдегі төртінші ядролық арсеналдан бас тарту туралы тарихи шешім қабылдады. Бұл біздің осалдығымыз емес. Керісінше, стратегиялық көрегендік танытып, осы арқылы бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігі маңызды екенін көрсеттік. Арада отыз жылдан аса уақыт өтсе де, осы ұстанымнан айныған жоқпыз: жаһандық қауіпсіздік жүйесін ядролық қарумен ұстап тұруға болмайды. Халықаралық қоғамдастық жаппай ядролық қарусыздану бағытында белсенді әрекет етіп, Ядролық сынақтарға жан-жақты тыйым салу туралы шарттың күшіне енуіне үлес қосуға тиіс. Қазақстан жаппай қырып-жоютын қаруы бар алпауыт елдер арасындағы жоғары деңгейлі диалогты қайта бастауға үндейді. Сондай-ақ ядролық қаруды қолдану немесе сынау қаупін жою үшін анағұрлым батыл әрі көпжақты әрекетке шақырады. Қазақстан мен Жапонияның бұл тұрғыда әлем алдында жүзі жарқын. Елдеріміз ядролық алпауыт мемлекеттер мәмілеге келе алмай жатқан кезде қарама-қайшылықтарды реттеп, прагматикалық тұрғыдан көшбасшы екенін көрсете алар еді, — деді Президент.

Мемлекет басшысы Қазақстанның БҰҰ аясында Халықаралық су ұйымын құру туралы бастама көтергенін еске салды. Сондай-ақ БҰҰ университетіне осы ізгі істі қолдап, ғылыми зерттеулерге белсенді атсалысуды ұсынды.

Келешек туралы ой қозғаған Қасым-Жомарт Тоқаев жасанды интеллектіні қазіргі заман келбетін қалыптастыратын шешуші күштің бірі деп атады. Өйтсе де, оның пікірінше, ЖИ-дің қаупі де жоқ емес. Оған жұртшылықтың теңдей қол жеткізе алмауы және теріс пінғылда, соның ішінде әскери мақсатта қолдануы себеп болуы ықтимал.

— Біріккен Ұлттар Ұйымы кезінде ядролық қауіпсіздік пен азаматтық авиация салаларында жалпыға бірдей нормаларды қалыптастырды. Сол секілді енді бұл істе де негізгі үйлестіруші рөлін атқаруға тиіс. Әлемнің жетекші технологиялық орталықтарының бірінде орналасқан жаһандық оқу орны ретінде БҰҰ университеті ЖИ-дің әлеуетіне, қауіп-қатеріне және оны басқаруға қатысты халықаралық зерттеулерді ілгерілетуде бірегей мүмкіндікке ие, — деді Президент.

Мемлекет басшысы Қазақстанның халықаралық аренадағы абыройын ел ішіндегі жетістіктерімен тікелей байланысты екенін мәлімдеді. Президенттің пайымдауынша, тиімді дипломатияның өзегінде дәл осы жауапты ішкі саясат жатыр.

— Мен білімнің және халықаралық деңгейдегі академиялық ықпалдастықтың дамуына айрықша мән беремін. Әсіресе, әлемнің өзгеруін жеделдететін бастамаларды қолдаймын. Бұл басымдықтар БҰҰ университетінің миссиясына толық сай келеді. Биыл Қазақстанда Орталық Азия және Ауғанстанға арналған БҰҰ орнықты даму орталығы ашылды. Қазақстан осы алаңның негізінде Алматыда БҰҰ университетінің өңірлік филиалын құруға әзір. Оның қызметін, ең алдымен, су және климат қауіпсіздігі, қақтығыстарды реттеу, бітімгерлік, орнықты даму мен жасанды интеллектіні басқару мәселелеріне бағыттауға болады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы сөзін қорытындылай келе, Қазақстанның БҰҰ университеті мен еліміздегі жетекші жоғары оқу орындары арасында бірлескен зерттеу жүргізу, академиялық тәжірибе алмасу және маман даярлау бойынша институционалдық серіктестікті одан әрі нығайтуға мүдделі екенін жеткізді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының университеті — БҰҰ Бас Ассамблеясы құрған жаһандық зерттеу және білім беру орталығы. Штаб-пәтері Токиода орналасқан университет құрамына әлемнің 12 еліндегі 13 институт кіреді.

САЯСАТ

20 ЖЕЛТОҚСАН 2025 | СЕНАТ

СЕНАТ

СЕНАТ ТӨРАҒАСЫ
ҰЛЫБРИТАНИЯ ЕЛШІСІМЕН КЕЗДЕСТІ

Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігінің Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Салли Джейн Аксуорсимен кездесті.



Мәулен Әшімбаев елшіні тағайындалуымен құттықтай отырып, Ұлыбритания Қазақстанның Еуропадағы маңызды серіктестерінің бірі екенін атап өтті. Сондай-ақ олар арасында дипломатиялық қарым-қатынастың орнағанына 30 жылдан астам уақыт өткенін, бүгінде өзара байланыс достық, сенім, құрмет және ортақ мүдделерге табан тірейтінін айтты.

«Қазір Қазақстан-Британ қатынастары түрлі салада қарқынды дамып келеді. Ең жоғары деңгейде берік және сындарлы саяси диалог қалыптасты. Былтыр

қараша айында Бакуде өткен COP29 жаһандық климаттық саммиті алаңында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев пен Ұлыбритания Премьер-министрі Кир Стармердің кездесуі елдеріміз арасындағы ынтымақтастыққа жаңа серпін берді. Сондай-ақ 2024 жылғы сәуірде Біріккен Корольдіктің сыртқы істер министрі Дэвид Кэмеронның Қазақстанға сапары кезінде Стратегиялық серіктестік пен ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылғаны белгілі. Қазақстан Парламенті осы Келісімді іске

асыруға өз септігін тигізуге дайын», — деді Сенат Төрағасы.

Тараптар парламентаралық ынтымақтастықты кеңейту мәселесіне де тоқталды. Сұхбат кезінде екі елдің Парламенттерінде жұмыс істейтін достық топтары аясында өзара іс-қимылды одан әрі арттыру жөніндегі міндеттер белгіленді.

Сонымен қатар палата Спикері Мемлекет басшысының бастамасымен Қазақстанда жүргізіліп жатқан саяси және әлеуметтік-экономикалық реформаларға назар аударды. Мәулен Әшімбаев Қазақстанның саяси жүйесін демократияландыру мәселелеріне және Президент Жолдауындағы жаңа бастамаларға жан-жақты тоқталып, жүргізіліп жатқан өзгерістердің стратегиялық маңызын атап өтті. Сондай-ақ ол Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезіне үнемі қолдау көрсетіп, белсенді қатысып келе жатқаны үшін Англия шіркеуінің рухани өкілдеріне ризашылық білдірді.

Өз кезегінде Салли Джейн Аксуорси Парламент Сенатымен екіжақты қарым-қатынастың кенауқымды мәселелері бойынша ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүдделі екенін айтты.

МӘЖІЛІС

ЖОҒАРЫ АУДИТОРЛЫҚ
ПАЛАТАНЫҢ ЕСЕБІН
ТЫҢДАЙДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.

Депутаттарға Жоғары аудиторлық палатаның жеке кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігі туралы мемлекеттік аудит есебі ұсынылады. Аудит орталық және жергілікті мемлекеттік органдарда, сондай-ақ ұлттық даму институттары мен олардың ведомстволық бағынысты ұйымдарында жүргізілді.

Екінші оқылымда Мәжіліс креативті индустрияларды қол-

дау және дамыту мәселелері бойынша заң жобасын қарайды. Құжат мемлекеттік қолдау тетіктерін нақтылауға, сала субъектілерінің бірыңғай тізілімін құруға және жастардың креативті жобаларын қолдауға бағытталған.

Сондай-ақ бал ара шаруашылығы мәселелері, баламалы энергия көздерін дамытуға қатысты жаңа заң жобалары жұмысқа қабылданады.

ПАРЛАМЕНТАРИЗМ ИНСТИТУТЫНА 5 ЖЫЛ ТОЛДЫ

Астанада Парламентаризм институтының құрылғанына 5 жыл толуына орай Еуразиялық форум өтті. Алқалы жиында Мәжілістің вице-спикері Дания Еспаева мен Сенат Төрағасының орынбасары Жақып Асанов сөз сөйледі.

Дания Еспаева қатысушыларға Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошановтың Парламентаризм институтының 5 жылдығына арналған құттықтауын жеткізді.

«Қазақстан Парламентінің қалыптасу, даму эволюциясы өзіндік ерекшеліктерге ие. Ол осы отыз жыл ішінде мемлекеттің маңызды институттарының бірі ретінде нығайды. Еліміздегі конституциялық өзгерістердің әрбір кезеңі парламентаризмнің жаңа даму парағын ашты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ұсынған «Күшті Президент — ықпалды Парламент — есеп беретін Үкімет» формуласы Қазақстан парламентаризмінің дамуына тың серпін беріп, ықпалын арттыра түсуде. Осы орайда, Президент тапсырмасымен Парламент жанынан құрылған Парламентаризм институты заңнама сапасын күшейтуде маңызды құрылым болып отыр», — делінген Ерлан Қошановтың құттықтауында.

Сондай-ақ Парламент Сенаты Төрағасының орынбасары Жақып Асанов Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың алғысхатын оқып берді. Онда Сенат Төрағасы заң

шығару қызметін дамыту мен парламентаризмді жүйені нығайтуға қосылған Парламентаризм институтының елеулі маңызын сөз етті.

Форумда сонымен қатар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қариннің алғысхаты оқылды. Онда Мемлекеттік кеңесші Парламентаризм институтының парламентаризм саласындағы зерттеулерді дамытуға және мемлекеттік басқару реформаларын қолдауға қосқан кәсіби үлесін атап өтті.

Алқалы жиында Дания Еспаева бүгінде Парламент Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың саяси бағдарын жүзеге асырудағы сенімді тірекке айналғанын айтты.

— Парламенттің қазіргі моделі өзін мемлекеттік биліктің тұрақты элементі ретінде танытты. Қалыптасқан тепе-тендік Парламенттің ел Үкіметімен және өңірлермен өзара сындарлы іс-әрекетін айқындады. Қоғамда әділдікке деген сұраныс артқан кезеңде билік пен азаматтар арасын байланыстыратын буын ретіндегі Парламенттің рөлі күшейе түсуде. Ол күнделікті қызметінде Мемлекет басшысының «Халық үніне құлақ



асатын мемлекет» қағидатын белсенді түрде ілгерілетіп келеді, — деді Мәжіліс вице-спикері.

Форумда баяндама жасаған Парламентаризм институтының директоры Наталья Пан қазір Еуразия өңіріндегі елдер үшін парламентаризм тақырыбының ерекше маңызды екеніне назар аударды. Оның айтуынша, мемлекеттердің жария билік жүйесінде елеулі трансформация жүруде. Демократиялық институттар нығайтып, мемлекеттік органдардың ашықтығы мен есептілігіне деген қоғамның сұранысы артып келеді.

— Осындай жағдайда өкілді биліктің негізгі институты саналатын Парламент қоғамның үдесіне сай болуға тиіс. Президент

атап өткендей, негізгі стратегиялық мақсат — білікті әрі тәжірибелі мамандар шоғырланған кәсіпқой Парламент қалыптастыру, — деді Наталья Пан.

Осыған байланысты өткен форумның міндеттерінің бірі саяси-құқықтық ахуал жиі өзгерген кезеңде парламентаризмнің болашағы туралы біртұтас көзқарасты айқындау болды.

Іс-шарада сөз алған Конституциялық Сот Төрағасының орынбасары Бакыт Нұрмұханов, Әділет министрі Ерлан Сәрсембаев, Астана хаб Басқару комитетінің төрағасы Әлихан Бәйменов осы тақырыпта өз ойын білдірді.

NARXOZ университетінің Еуразиялық экономикалық-құқықтық зерттеулер институты

Конституциялық экономика орталығы директорының орынбасары, заң ғылымдарының докторы, профессор Виктор Малиновский Қазақстан Парламентінің мемлекеттік жаңғыртудағы рөлі мен маңызы туралы баяндама жасады.

Форумда шетелдік ғалымдар Ресей, Беларусь, Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстан елдеріндегі парламентаризмнің қалыптасуы мен даму жолы туралы айтып берді.

Қатысушылар бес жыл ішінде Парламентаризм институтының ғылымды, заң шығару мен мемлекеттік саясатты сабақтастырған беделді әрі орнықты сараптамалық-талдамалық платформа ретінде қалыптасқанын атап өтті. Олар институттың мемлекеттік реформаларға қосқан практикалық үлесіне ерекше тоқталды. Парламентаризм институтының өкілі 2022 жылы Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстарды әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының құрамына кіргені де айтылды.

Форумның күн тәртібінде парламентаризмнің конституциялық-құқықтық негіздері, реформалар жағдайындағы парламентаризм институттардың эволюциясы, сондай-ақ жаһандық сын-қатерлер, цифрландыру және азаматтардың басқару ісіне қатысуын кеңейту үдерісі қамтылған даму перспективалары талқыланады.

БАҒДАР

20 ЖЕЛТОҚСАН 2025 | СЕНБІ



Астанада «AMANAT» партиясы Партиялық бақылау комитетінің отырысы өтті. Онда партияның 2023-2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасын Қарағанды, Алматы және Павлодар облыстарында жүйелі жүзеге асыру мәселесі егжей-тегжейлі талқыланды.

Отырысты аша отырып, «AMANAT» партиясы Партиялық бақылау комитетінің төрағасы Павел Казанцев партия сайлауалды міндеттемелерді орындау мәселесінде әрдайым өз ұстанымына берік екенін мәлімдеді. Сондай-ақ ол өңірлерде атқарылып жатқан жұмысты қайта қарау қадамы нақты нәтижелерді байыпты бағалау қажеттілігімен байланысты екенін атап өтті.

«Өңірлердегі жұмыс қарқынын қадағалау — біз үшін аса маңызды. Жасыратыны жоқ, көшпелі отырыстарымыз оған айтарлықтай оң серпін берді. Депутаттық фракциялар, жергілікті атқарушы органдар жұмысқа барынша белсенді араласуда. Жаңа ұйымдастырушылық және әкімшілік ресурстар қосылып, біз ұсынған мониторинг және бақылау жұмысының неғұрлым тиімді тетіктері қолға алында.

Алайда, өкінішке қарай, бұл серпін уақыт өте келе әлсірей бастайды. Бұған қоса, көптеген жүйелі мәселе өз шешімін таппайды», — деді Павел Казанцев.

Партия Хатшысы Ержан Жылқыбаевтың айтуынша, бүгінде көп өңірде сайлауалды міндеттемелерді орындаудың оң қарқыны байқалады. Солай бола тұра, жүйелі жұмыс жүргізілмей, артта қалып отырған өңірлер де бар.

Сондықтан партия органдары мен құрылымдарының негізгі міндеті — жол карталарын жүзеге асыру барысында туындайтын мәселелерді жедел әрі тиімді шешу, осы процеске барлық ұйымдастырушылық ресурсты тарту.

Комитет отырысы барысында Қарағанды, Алматы және Павлодар облыстары әкімдерінің сайлауалды бағдарлама мен жол карталарын жүзеге асыру мәсе-

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ БАҚЫЛАУДА

лелеріне жетекшілік ететін орынбасарлары баяндама жасады. Олар Жол карталары тармақтарының қазіргі жай-күйі, анықталған кемшіліктерді жою бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы хабардар етті. Сондай-ақ облыс әкімдерінің орынбасарлары ведомствоаралық деңгейде қосымша үйлестіруді және шешім табуды талап ететін мәселелерге назар аударды.

Сонымен қатар Комитеттегі жұмыс тобының жетекшісі Д.Бижуманов Жол карталарын жүйелі жүзеге асыру мәселесіне қатысты мониторинг жұмысының нәтижелеріне тоқталып, өңірлерде сайлауалды бағдарламаның орындалмай қалу қаупі сақталып отырғанын атап өтті. Мәселен, Қарағанды облысында 2023-2024 жылдары орындалмаған және 2025 жылғы тәуекелге толы тармақтарды қоса алғанда, жол картасындағы проблемалық тармақтың жалпы саны 24-ке жетті. Бұл ретте үш тармақ жүйелі сипатқа ие. Олар үш жыл қатарынан орындалмай келеді. Теріс қарқын тіркелді: 2023 жылы 7 тармақ, 2024 жылы 16 тармақ орындалған жоқ. Ал 2025 жылы 18 тармаққа қатысты тәуекел туындап отыр.

Алматы облысындағы жол картасында 11 проблемалық тармақ тіркелді. Олардың қатарында — екі жыл бойы орындалмай келе жатқан екі жүйелі проблемалық тармақ және үш жыл бойы жүзеге асырылмай отырған бір тармақ бар. Бұл ретте Комитет мүшелері биыл қаңтар айындағы көшпелі отырыстан кейін өңірде тәуекел тармақтардың санын

қысқарту үрдісі байқалғанын атап өтті. Алайда 2023-2024 жылдары жіберілген елеулі кемшіліктерге байланысты өткен жылдардағы жекелеген тармақтар осы уақытқа дейін жүзеге асырылмай жатыр.

Бүгінде Павлодар облысында жол картасының 19 тармағы бойынша мәселе туындап отыр. Атап айтқанда, екі жыл бойы орындалмаған тоғыз жүйелі тармақ және үш жыл бойы орындалмай келе жатқан бір тармақ бар. Тамыз айында Партиялық бақылау комитетінің көшпелі отырысынан кейін өңірде даму қарқыны байқалмай отырғаны атап өтілді: 2025 жылғы тәуекел тармақтардың саны азаюдың орнына көбейіп кеткен. Сонымен қатар Комитеттегі жұмыс тобының мүшелері жол картасын жүзеге асыру бойынша жаңартылған ақпаратты дайындау және ұсыну кезінде атқарушылық тәртіптің төмендігіне, бастапқы деректер сапасына назар аударды. Бұл жайтты салалық уәкілетті орган да растады.

Отырыс барысында Жол карталарын жүзеге асыру жұмысын қаржылай қамтамасыз ету мәселесіне ерекше мән берілді. Өңірлер Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын жобалар бойынша базалық ақпаратты уақтылы әрі сапалы ұсынбағаны анықталды. Бірқатар жағдайда қаржыландырылған және қарастырылу кезеңіндегі жобалар, сондай-ақ қазіргі бюджеттік берешек туралы мәліметтердің толық болмауы, тиімді бақылау жүргізуге және басқарушылық шешімдер қабылдауға кедергі келтіруде.

Талқылау қорытындысы бойынша, Партиялық бақылау комитеті жол карталарын жүзеге асыруда жүйелі ұйымдастырушылық кемшіліктердің бар екенін және жергілікті жерлерде партиялық және мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылында мәселелер кездесетінін растады. Олардың қатарында — көрсеткіштерді жоспарлау сапасының төмендігі, мердігер ұйымдарды іріктеу және олардың қызметін бақылау жұмысының тиімсіздігі, жол карталары тармақтарының орындалуына мониторинг жүргізуде жүйелі жұмыс жүргізілмеуі, сенімсіз ақпарат ұсыну, сондай-ақ мәслихаттағы депутаттық корпусының жеткілікті деңгейде тартылмауы мен партиялық бақылау бекеттерін ұйымдастырудағы формалды әрекет сынды кемшіліктер бар.

Сонымен қатар отырысқа қатысушылар «AMANAT» партиясының Партиялық бақылау комитетінің 2026 жылға арналған жұмыс жоспарының жобасын қарады. Құжатқа көшпелі отырыстар тәжірибесін жалғастыру, республикалық және өңірлік жол карталарын жүзеге асыру барысына бақылау жүргізу жұмысын күшейту, сондай-ақ азаматтар көтеріп отырған өзекті мәселелермен жұмыс істеу көзделген.

Комитет отырысы бірқатар өңірде «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасын жүзеге асырудың қазіргі жай-күйін кешенді бағалауға, проблемалық аймақтарды айқындауға және айтылған мақсаттарға қол жеткізу жолында алдағы жұмысты нақтылауға мүмкіндік берді.

ҮШ АУЫСЫМДЫ МЕКТЕПТЕР АЗАЙДЫ

Алматы облыстық мәслихатындағы «AMANAT» партиясы депутаттық фракциясының отырысы өтті. Жиын барысында облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев өңірде партияның сайлауалды бағдарламасы аясында атқарылып жатқан жұмыс туралы баяндады.

Оның айтуынша, биыл облыс экономикасында өсім бар. Қаңтар-қараша айларында облыстың қысқамерзімді экономикалық индикаторы 109,8 пайызға жетті. Өндіріс, сауда, құрылыс және тұрғын үй салалары алға жылжыды. Ал инвестиция көлемі бір жылда 26%-ға артты.

«Биыл «AMANAT» партиясының Жол картасында жоспарланған 95 іс-шараның 65%-ы орындалды. Жалпы, Жол картасында көзделген 106 іс-шара кезең-кезеңімен жүзеге асырылып жатыр. Оның ішінде, ауыл тұрғындарының табысын арттыруға бағытталған «Ауыл аманаты» партиялық жобасы аясында жалпы сомасы 10,8 млрд теңге болатын 1 231 несие беріліп, 1 471 жұмыс орны ашылды. Ал «Жер аманаты» партиялық жобасы аясында пайдаланылмай жатқан

91,1 мың гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылды», — деді Марат Сұлтанғазиев.

Сонымен қатар биыл облыста жалпы құны 180 млрд теңге болатын 12 ірі инвестициялық жоба іске қосылды. Соның нәтижесінде 6 мыңнан астам адам тұрақты жұмыспен қамтылды. Балмұздақ өндіретін «Шин Лайн» зауыты, «КегенМясПром» ет комбинаты, «Hong Shun» сұйық әйнек зауыты және ірі логистикалық «Focus Logistics» компаниясы жұмысын бастады. Сондай-ақ «LC Waikiki» компаниясының көтерме-тарату орталығы пайдалануға берілді. Аталған жобалар өңір экономикасына нақты серпін беріп отыр.

«Партияның сайлауалды бағдарламасы аясында білім беру саласында 2022 жылдан бері 69 жаңа мектеп салынды, 55 мектеп



күрделі жөндеуден өтті. Соның нәтижесінде үш ауысымда білім беретін мектеп саны 52-ден 28-ге дейін азайды. Биыл денсаулық сақтау саласында 19 медициналық нысан пайдалануға беріліп, медициналық ұйымдардың жабдықталу деңгейі 92%-ға жетті. Сонымен қатар өңірде 1 млн шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға берілді. Облыстық маңызы бар 254 шақырым жол жөнделіп, елді мекендердегі 702 шақырым ішкі жол жаңартылуда. Таза ауызсумен қамту деңгейі 99,6%-ға жетсе, жыл соңына дейін

облыс тұрғындарының 80%-дан астамы газға қол жеткізеді. Жол картасына енгізілген жобалардың барлығы тұрақты бақылауда және кезең-кезеңімен жүзеге асырылады», — деді облыс әкімі.

Отырыс барысында «AMANAT» партиясы жанындағы облыстық әйелдер қанатының атқарған жұмысы да назарға алынды. Бүгінде Алматы облысында партия мүшелерінің басым бөлігі — әйелдер. Атап айтқанда, өңірдегі 57,6 мың партия мүшесінің 43,2 мыңы —

қыз-келіншектер. Сонымен қатар облыс аумағындағы әр төртінші депутат — әйел, ал бір аудан мен жеті елді мекенді тікелей сайланған әйел әкімдер басқарып отыр.

«Жыл басынан бері 200-ден астам іс-шара өткіздік. Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа тап болған 78 әйелге құқықтық және психологиялық көмек көрсеттік. Кәсіп ашуға ниетті 250-ден астам әйелді оқытып, бүгінде олардың бір бөлігі өз ісін бастады. Ерекше баласы бар отбасылармен тұрақты жұмыс жүргізіп, балалар мен аналарға нақты қолдау көрсеттік», — деді облыстық әйелдер қанатының төрағасы, мәслихат депутаты Меруерт Молдашева.

Жиын соңында облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев партияның сайлауалды бағдарламасының орындалу барысын жеке бақылауға алғанын мәлімдеді. Оның айтуынша, Жол картасына енген жобаларды өзі, орынбасарлары және жауапты басқарма басшылары тікелей қадағалап отыр. Атқарылып жатқан жұмыстар өңір дамуына және халықтың тұрмысын жақсартуға бағытталған.

Бетті дайындаған Елнар ЕЛТАЙ

МӘЖІЛІС МІНБЕРІ

20 ЖЕЛТОҚСАН 2025 | СЕНБІ



— Асхат мырза, медицина қызметкерлеріне қарсы зорлық-зомбылықты жеке қылмыстық құрам ретінде қарастыру қажеттілігі неден туындады? Бұл мәселе неліктен дәл қазір күн тәртібіне шығып отыр?

— Кейінгі кезде медицина қызметкерлеріне қатысты жағымсыз жағдайға жиі куә болып жүрміз. Қоғамдағы ашу-ыза мен агрессияның нысанына айналатын ең осал топтың бірі қолында қорғанар құралы да жоқ медицина қызметкерлері болып отыр. Адам ауырғанда, шарасыз қалғанда, ең әуелі дәрігер мен жедел жәрдем қызметкерінің көмегіне жүгінеді. Бірақ парадокс мынада: сол қиын сәтте көмекке келетін маманның өзі қазір қорғансыз. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев медицина қызметкерлерін осындай зорлық-зомбылықтан қорғау үшін заңнамалық өзгерістерді енгізу туралы тапсырма берді. Бұл, шын мәнінде, өте маңызды шешім және әлемнің ең дамыған мемлекеттерінде қабылданып жатқан дәл осындай заңдар бар екенін айта кеткеніміз жөн. Америка мен Еуропада да дәрігерлерді қорғау бойынша заңдар қабылданды.

Бүгінге дейін дәрігерге жасалған шабуылдар «тұрмыстық бұзақылық» секілді жалпы баптармен ғана қаралып келді. Бұл құқықтық тұрғыда дәрігердің кәсіби мәртебесін ескермейді. Ал, шын мәнінде, медицина қызметкеріне қарсы жасалған қылмыс жеке адамға ғана емес, тұтас қоғамға қарсы бағытталады. Мысалы, бір дәрігерді соққыға жығып, ол төрт ай емделді. Бір қарағанда, жалғыз адам зардап шеккендей көрінеді. Бұл маман осы 4 айда 960 адамды емдер еді. Ойланып қарасақ: мыңға жуық қарапайым азамат осының кесірінен дер кезінде білікті көмек ала алмады. Біреуінің ауруы асқынса, біреуіне уақытылы ота жасалмады.

Яғни, дәрігердің уақытша немесе тұрақты еңбекке жарамсыз болуы жүздеген, тіпті мыңдаған адамның дер кезінде ем ала алмауына әкеледі.

Бұл проблема дәл қазір көтерілуінің тағы бір себебі — әділетсіздік. Бір жағынан, заң дәрігерге пациентті емдеуді міндеттейді: ол

қауіпке қарамай баруға тиіс, көмек көрсетуден бас тарта алмайды, кәсіби қателігі үшін қылмыстық жауапкершілік арқалайды. Екінші жағынан, ұзақ уақыт бойы мемлекет тарапынан сол дәрігердің қауіпсіздігіне нақты кепілдік беретін норма болмады. Бұл теңгерімсіздік уақыт өте келе жүйелік проблемаға айналды.

Оған қоса, ресми статистикада тіркелген 280 деген шабуыл саны да ахуалды толық сипаттауға мүмкіндік бермейді. Көптеген медицина қызметкері арыз жазбайды, себебі ұзақ тергеуге уақыт жоқ, нәтиже боларына да сенім аз. Бұл — қауіпті үрдіс. Ал зорлық жауапсыз қалса, болашақта қайталанатыны бесенеден белгілі. Сондықтан медицина қызметкерлеріне қарсы күш қолдануды жеке қылмыстық құрам ретінде бекіту — эмоциялық шешім емес, уақыт талабы дер едім.

— Жаңа жобадан «қорқыту» мен нақты зорлық-зомбылықты ажыратып қарастырудың мәні неде? Бұл өзгеріс заңның әділеттілігін қалай қамтамасыз етеді?

— Заңның күші — оның әділдігінде. Ал әділдік дегеніміз — әрбір теріс әрекеттің келтірген залалына сай жауапкершілік белгілеу. Осы тұрғыдан алғанда, «қорқыту» мен нақты күш қолдануды ажырату — заң жобасындағы маңызды шешімдердің бірі.

Қоғамда әртүрлі жағдай болады. Кейде эмоцияға берілген адам сөзбен қокан-лоқы көрсетуі мүмкін, ал кей жағдайда ол, шын мәнінде, физикалық зорлыққа барады. Бұлардың салдары бірдей емес. Сондықтан оларды бір таразыға салу — құқықтық тұрғыдан да, адамгершілік тұрғысынан да қате болар еді. Заң жобасын талқылау барысында осы мәселе терең зерделеніп, жазаны саралау қағидаты негізге алынды.

«Қорқыту» бойынша жаза бар, бірақ ол нақты зомбылыққа қарағанда жеңілдірек. Мұнда заңның басты мақсаты — жазалау емес, алдын алу, тәртіпке шақыру. Негізі, қорқыту туралы жаза қазір де бар, әр эмоцияға берілген адамды жауапкершілікке тартып жатқан жоқ қой.

Ал нақты күш қолдануға келгенде, ұстаным мүлде басқа. Себебі

Асхат АЙМАҒАМБЕТОВ, Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі:

ДӘРІГЕРГЕ ҚАРСЫ ЖАСАЛҒАН ҚЫЛМЫС ТҰТАС ҚОҒАМҒА ҚАУІП ТӨНДІРЕДІ

Ақ халатты жандарға қол көтеру — жеке бір адамның емес, тұтас қауымның денсаулығына төнген қатер. Кейінгі жылдары медицина қызметкерлеріне қарсы агрессияның жиілеуі бұл мәселені тек кәсіби орта шеңберінде емес, ұлттық деңгейде талқылауды талап етті. Дәрігер мен жедел жәрдем қызметкері — ең қиын сәтте адам жанынан табылатын, уақытпен санаспайтын мамандар. Алайда сол жауапты міндетті атқарып жүрген азаматтардың өзі көбіне қорғансыз халде. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында ұсынылған жаңа заңнамалық өзгерістер қоғамда қызу пікірталас туғызды. Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Асхат Аймағамбетов «бұл құжаттың басты мақсаты — жазаны күшейту емес, әділ құқықтық теңгерім орнату, кәсіби борыш пен қауіпсіздік арасындағы алшақтықты жою» дейді.

бұл — дәрігердің денсаулығына тікелей зиян келтіруден бөлек, өзге де пациенттердің медициналық көмек алуына кедергі келтіретін әрекет. Кейбір скептиктер кез келген эмоциялық сөз үшін қатаң жаза беріледі деп қауіптенді. Ол заңды бұрмалау, жай ғана эмоцияны ешкім жазаламайды, қорқыту деген рас болуға тиіс, мысалы, пышақты немесе мылтықты қолына ұстап, «мен сені өлтіремін» десе; яғни бұл қорқыту шынайы әрі мүмкін болса, ол сонда қорқыту болады. Бұл

тағдырын білдіреді. Демек, мұндай әрекеттің қоғамдық қауіпі әлдеқайда жоғары.

Дәл осы логика жедел жәрдем қызметіне де қатысты. Бір бригаданың істен шығуы ондаған шақыртудың кешігуіне тең, ал кей жағдайда салдары да қайтарымсыз болуы мүмкін. Инсульт пен инфаркт кезінде минуттар шешуші рөл атқарады. Сондықтан жедел жәрдемге шабуыл жасау уақытқа, өмірге қарсы қылмыс дейміз.

Заң тұрғысынан алғанда, бұл

Заңның күші — оның әділдігінде. Ал әділдік дегеніміз — әрбір теріс әрекеттің келтірген залалына сай жауапкершілік белгілеу.

қоғамға да, медицина қызметкерлеріне де, құқық қорғау органдарына да түсінікті, теңгерімді шешім деп есептеймін.

— Медицина қызметкеріне жасалған шабуылды «екіжақты қолсұғушылық» деп бағалауды қалай түсінеміз? Заң тұрғысынан алғанда, оның салдары қандай?

— Құқық теориясында «екіжақты қолсұғушылық» деген ұғым бекер қолданылмайды. Бұл қылмыстың бір мезетте екі түрлі құндылыққа зиян келтіретінін білдіреді. Медицина қызметкеріне қарсы жасалған шабуыл дәл осындай сипатқа ие. Біріншіден, бұл нақты бір адамның өмірі мен денсаулығына қауіп төндіреді. Екіншіден, қоғамның денсаулық сақтау жүйесіне, яғни ұлт саулығын қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастарға соққы болады. Мәселен, қарапайым жағдайда біреудің қолын сындыру жеке адамға қарсы қылмыс ретінде саналады. Ал егер сол қол хирургтың, нейрохирургтың немесе реаниматологтың қолы болса, мәселенің ауқымы күрт өзгереді. Бұл тек бір адамның жаракатын емес, жүздеген ота мен мыңдаған науқастың

ұғым жазаның қатандығын негіздеуге мүмкіндік береді. Себебі мұнда тек жеке мүдде емес, қоғамдық қауіпсіздік, ұлттық денсаулық мәселесі қозғалып отыр. Осы себепті арнайы баптың енгізілуі құқықтық қисынға толық сай келеді. Бұл тәсіл бұрыннан бар. Мемлекет полицейлерді, судьяларды, құтқарушыларды ерекше қорғайды, себебі олардың қызметі қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікке тікелей байланысты. Тіпті адвокаттар, журналистер бойынша осыған ұқсас қорқыту бойынша да нормалармен ол үшін қатаң жауапкершілік бүгінде Қылмыстық кодексте бар. Сонда ондаған мамандық иесі қорғала тұра, неге біз ең көп соққыға жығылатындардың санатындағы нағыз қолдауды қажет ететін дәрігерді қорғамауымыз керек? Ал дәл сондай, тіпті одан да нәзік миссия атқаратын дәрігердің бұған дейін жеткілікті қорғалмауы үлкен олқылық еді. Жаңа норма осы олқылықтың орнын толтырады.

— Бұл заң жобасының ұзақмерзімді әлеуметтік әсері қандай болады деп ойлайсыз?

— Бұл заңның мәнін тек медицина қызметкерлерінің құқығын қорғаумен шектеу оның ауқымын тарылтып көрсету болар еді. Шындығында, бұл норма әрбір азаматтың дер кезінде медициналық көмек алу құқығын қорғауға бағытталған. Яғни, заңның түпкі адресаты — қоғамның өзі.

Дәрігердің қауіпсіздігі қамтамасыз етілген жерде ғана медицина жүйесі тұрақты жұмыс істей алады. Егер маман күн сайын өз өміріне қауіп төнуі мүмкін екенін ойлап жұмыс істесе, бұл кәсіби күйзеліске, кадр тапшылығына, сапаның төмендеуіне алып келеді. Ал керісінше, мемлекет тарапынан нақты қорғаныс барын сезінген медицина қызметкері міндетін сенімді атқарады. Бұл заңның профилактикалық рөлі де бар. Қатаң әрі нақты жауапкершілік белгіленсе, агрессияға бейім адамдар әрекетіне бір сәт ойлануы қарады. Яғни, мұны жазалау ғана емес, алдын алу механизмі деуге де болатын шығар. Қоғамда дәрігерге тиісуге болмайды деген айқын ұстаным қалыптасады.

Ұзақмерзімді перспективада азамат пен мемлекет арасындағы сенім, пациент пен дәрігер арасындағы өзара құрмет күшейеді. Денсаулық сақтау жүйесіне деген көзқарас өзгереді. «Дәрігер — қызмет көрсетуші» емес, «қоғамдық миссия атқарушы» ретінде қабылданады.

Ең бастысы, бұл заң қоғамның өзін «өзінен» қорғайды. Педиатрды күтіп отырған бала, инфарктпен жедел жәрдем шақырған қария, шұғыл операцияға мұқтаж науқас — барлығы да осы норманың нақты бенефициары. Себебі дәрігердің қорғалуы олардың өміріне тікелей әсер етеді. Сондықтан бұл заңды жай ғана салалық құжат емес, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ететін маңызды қадам деп бағалау қажет. Бұл — адам өмірін бірінші орынға қоятын мемлекеттің ұстанымы.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Кәмила ДҮЙСЕН

ШЫҢДАЛҒАН ЕҢБЕК:

Ақтөбе ферроқорытпа зауытындағы тіршілік бір қарағанда, қарапайым болып көрінуі мүмкін. Бірақ зауыт аумағына кіргенде, бәрі басқаша. Темір балқытып, от үрлеп тұрған алып пештердің бет қаритын ыстығы, жүздеген адамның үйлесіммен қозғалуы, жылдар бойы бір сәтке тоқтамай жүріп тұрған күрделі механизм... Мұнда адамның еңбек жолы мен өндірістің тағдыры егіз ұғым екені анық сезіледі. Дәл зауыт директоры Ержан Абдулабековтің еңбек жолы мен Ақтөбе ферроқорытпа зауытының қатар даму жолы сияқты.

**Тілегүл
ЕСДӘУЛЕТ**

Шындығында, біз зауыт басшысы Ержан Абдулабековпен кездесуді ұзақ күттік. Бірақ сол аралықта кейіпкерімізді әлеуметтік желіде бақылай отырып оның тек басшы емес, сан қырлы маман екенін аңғардық. Күн тәртібі мен өмірдің барлық саласындағы белсенділігіне қарап, бізге бөлген бір сағат уақытқа бәрін сыйдыруға тырыстық. Ержан Абдулабековпен әңгімеміз дәл уақытында басталып, тура бір сағатқа созылғаны оның өндірістегі және өмірдегі ұстанымы темірдей тәртіп пен нақты жоспарға негізделгенін тағы бір мәрте дәлелдеп бергендей болды.

Балқытушыдан зауыт басшысына дейінгі еңбек жолы — бір ғана адамның тағдыры емес, тұтас өндірістің қалай өзгеріп, жаңарып, өркендеп келе жатқанының айғағы. Ержан Абдулабеков әңгімесін әлқисса деп өндіріске алғаш келген сәтінен бастады.

«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетін бітіріп, 2001 жылы ERG құрамындағы Ақтөбе ферроқорытпа зауытының 1-цехына балқытушы болып жұмысқа кірдім», — деп есіне алды ол өндіріс саласына жасаған алғашқы қадамын.

Бұл жас металлургтің алғашқы жұмыс орны және Қазақстандағы қара металлургия өнеркәсібінің тұңғыш зауыты еді. Содан бері арада ширек ғасыр өтті. Бір кәсіпорында 20 жылдан астам уақыт жұмыс істеу — тұрақты даму стратегиясы. Алайда зауыт басшысы мұны «өндіріс саласындағы қалыпты құбылыс» дейді.

«Бір мекемеде ұзақ жылдар бойы жұмыс істеу жалпы металлургия үшін қаншалықты қалыпты екенін нақты айта алмаймын, бірақ біздің зауыт үшін сирек кездесетін құбылыс емес. 30-40 жыл осында қызмет етіп, зейнетке шыққан тұлғалар қанша?! Ұзақ жылдар бірге жұмыс істеген әріптестерімізді зейнетке осы зауыттан салтанатты түрде шығарып салып жатамыз. Сондықтан бұл біз үшін үйреншікті жағдай», — деген ол өзі алғашында зауытқа ұзақмерзімді

БАЛҚЫТУШЫДАН

БАСШЫЛЫҚҚА ДЕЙІНГІ ЖОЛ



жоспармен келмегенін айтты. Алайда зауытпен бірге дамып, болмысы да осы отта темірдей тәртіпке үйреніп, шындала түскенін де тілге тиек етті.

Ол кезде ферроқорытпа зауыты тек жұмыс орны емес, ертеңге деген үміттің символы болатын. Университетте оқып жүріп-ақ зауыттың шаңын жұтып, өндірістің температурасын сезген кейіпкеріміздің болашақ кәсіби тағдырын өндірістік тәжірибе анықтап берген екен. Техникалық мамандыққа деген қызығушылық, есепке жүйріктігі, инженерлік ойлау қабілеті оны металлургияның нағыз ортасына алып келді.

«Басында екі жыл жұмыс істеп кетемін деп ойлағанмын», — дейді ол күліп. Бірақ өндіріс адамды оңай жібере бермейді. Бір пештің жанында мыңдаған тонна шикізаттан қалай металл туатынын көру — кез келген адамды қызықтырмай қоймайтын процесс. Кейіпкеріміз де сол құбылыстың бір бөлшегіне айналған адам. Өзі осы процестің бір бөлшегіне айналып қана қоймай, жас мамандарды өндіріс процесімен таныстырып, кәсіби мамандар дайындайтын нұсқаушыға айналған жан.

«Өзім түлеп ұшқан университетпен, кафедрамен байланысымыз үзілген емес. Жыл сайын түлектер салтанатты түрде диплом алғанда барамыз, жиі жиналыс өткізіп тұрамыз. Зауытқа қажет мамандықтар туралы ақпарат беріп отырамыз. Тәжірибеден өткісі келетін жастарға есігіміз ашық. Соның арқасында әзірге кадр тапшылығы жоқ. Оның үстіне, биыл Жұмысшылар жылы болып жарияланды. Біз атқарып жүрген жұмыстың маңызы насихаттала бастады», — деп марқайып қалды кейіпкеріміз.

Жергілікті университет негізгі кадр тапшылығын қамтамасыз етіп отырғанымен, кейбір сирек мамандарға әлі де болса сұраныс бар. Ержан Абдулабеков университет басшылығымен келісіп, кейде тіпті оқу процесіне тікелей араласып, студенттер жұмыс орнына қажет дағдыларды меңгеріп шығуы үшін арнайы дәрістер мен тақы-

рып қосуға ұсыныс білдіреді екен. Дуалды оқытуға шақырып, өндірістің ғылыми базасын қалыптастыруға да үлес қосып жүр.

Ержан Абдулабековтің айтуынша, зауытта уақыт басқаша өтеді. Біреу үшін бір жыл — ұзақ мерзім, ал өндіріс үшін бұл небәрі бір маусым. Біреу үшін бес жыл — үлкен еңбек өтілі, ал мұнда 20, 30, 40 жыл жұмыс істеу қалыпты нәрсе. Зауыттың өзі 82 жылдық тарихында рекордтық көрсеткішке қол жеткізген зейнеттегі қария сияқты. Ержан Абдулабеков осы атмосферада шындалды. Пештің жанында күн-түн демей жұмыс істеп, бірде техниканың «мінезін» үйретіп, бірде жұмысшылардың қауіпсіздігін қадағалап, бірде процесті жаңа деңгейге көтеруге атсалысты. Сол тәжірибе кейін оны бөлім басшылығы мен цех басшылығына алып келді. Ол 2023 жылы Ақтөбе ферроқорытпа зауытының директоры болып тағайындалды. Бұл лауазым жай ғана кабинет ауыстыру емес, бүкіл жауапкершілікті өзіне алу деген сөз еді.

Кейінгі жылдары зауыттың қызығы бұрынғыдан жиі соғатын болды. Қуат артып, автоматтандыру күшейіп, өндірістік тәртіп жаңа деңгейге шықты. Осының арқасында зауыт тарихында бұрын-соңды болмаған көрсеткіш тіркелді.

«Бытыр Ақтөбе ферроқорытпа зауыты 82 жылдық тарихындағы ең жоғары өндіріс көлеміне жетті. Биыл бұл межені тағы да жаңарту жоспарда бар. Егер барлығы жоспарланғандай жүрсе, жыл соңына дейін былтырғыдан 25 мың тонна өнім артық шығаратын боламыз», — дейді зауыт директоры. Оның айтуынша, бұл кездейсоқ жетістік емес, модернизацияның, жаңа технологиялардың, жүздеген адамның үйлесімді жұмысының нәтижесі.

Зауыт басшысы мұны қарапайым тілде былай түсіндірді: «Бізде бірде-бір пеш артық жұмыс істемейді, бірде-бір қадам бекер жасалмайды. Бәрі математикалық дәлдікпен орындалады».

Ширек ғасыр зауытпен бірге дамып келе жатқан ол жетістіктің

сыры ретінде екі факторды атап өтті. Алғашқысы тұрақты — даму стратегиясы болса, екіншісі алып зауыттың жүрегі саналатын төртінші цех. 10 жыл бұрын іске қосылған бұл нысан зауыттың қуатын екі есеге арттырып, өндіріс мәдениетіне жаңа бетбұрыс әкелген. 2024 жылы ол ресми түрде рекорд жаңартқан цех ретінде белгіленді. Бұл тек инженерлік жетістік емес, жаңа ұрпақ металлургтерін тәрбиелейтін үлкен мектепке айналды.

Зауыт директорының айтуынша, өндірісте кейінгі жылдардағы жаңа технологиялар жиі қолданылады. Жүйені толық автоматтандыруға отандық мамандарымыз атсалысқан.

«Жаңа жүйе енгізу үшін көбіне шетелдік мердігерлерді шақырмаймыз. Мамандарымызды оқытып, дамытып, технологияны өзіміз игеруге тырысамыз», — дейді ол. Мысалы, студенттердің бірі пештің толық 3D моделін құрастырған. Бұл — зауыттың болашақтағы «ақылды өндіріс» жүйесіне көшуінің алғашқы қадамы.



Металлургия — қызық сала. Бір қарағанда, бәрі тұрақты, бәрі үйреншікті. Бірақ оның әр секундында қауіп бар: жоғары температура, балқыған металл, электр қуаты, ауыр техника... Сондықтан бұл жерде қауіпсіздік мәдениеті — жай ереже емес, өмір сүру салты.

Ержан Абдулабеков — зауыт директоры, өндіріс басшысы ғана емес, мәслихат депутаты, қоғамдық шараларға белсенді қатысатын қайраткер. Ол зауыт орналасқан аймақтағы тұрғындардың экология мен қауіпсіздікке қатысты алаңын жақсы түсінеді. «Қоршаған ортаға жүктемені азайту мәселесі жергілікті халық үшін әрдайым маңызды. Біздің басты міндетіміз — жұмысшылардың қауіпсіздігі мен экологияны сақтау», — дейді ол.

Директор кез келген зауыт қауіпті өндіріс орны саналатынын

жақсы түсінеді. Бірақ жылдар бойы жүргізілген жұмыстар нәтижесінде қауіп айтарлықтай төмендегенін алға тартады.

«Зауытта Safe Start, НКБ (негізгі қатерлерді бақылау) сияқты пилоттық жобалар мен оқыту бағдарламалары жүргізіледі. Жұмысшыларға қауіпсіздігін қалай қамтамасыз ету керектігі, әріптестеріне де жауапкершілікпен, жанашырлықпен қарау қажетті түсіндіріледі. Машинист үйдегі мәселелерін ойлап, жұмысқа назар аудармаса, өзіне ғана емес, айналасында жүрген адамдарға да қауіп төндіруі мүмкін», — дейді ол.

Экология мәселесі де басшының назарында. «Кез келген металлургиялық зауыт экологияға әсер етеді, бірақ бұл заңмен белгіленген шектерден аспауға тиіс», — дейді ол.

Ержан Абдулабеков зауыттың қаланың төңірегінде орналасқанын ескеріп, заманауи талаптарға сай жұмыстар жүргізіп жатқанын атап өтті. Пештер мен газ тазалау жүйелері жаңартылып, шығатын газдар заманауи стандарттарға сәйкес тазаланады. Қоқыстар шикізат ретінде қайта өңделіп, өндірісте тиімді пайдаланылады.

Сонымен қатар Ержан Абдулабеков қоғаммен ашық диалог орнатуға да көңіл бөледі. «Жыл сайын экологиялық есеп беріп, қала тұрғындары мен журналистерге көрсетеміз. Кімге қызық болса, сол қарап, пікірі мен ойын, ұсынысын айта алады», — дейді ол. Қоғаммен байланыс орнату

зауыт жұмысын жақсартуға да ықпал етеді, себебі тұрғындардың ұсыныс-сұрағы ескеріледі.

Осылайша, Ержан Абдулабековтің басқаруында зауыт тек өнім өндірумен шектелмей, қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, экологияны қорғауға және қоғаммен белсенді қарым-қатынас орнатуға бағытталған. «Өмірде идеал еш нәрсе жоқ, бірақ біз әрдайым қазіргіден жақсырақ болуға ұмтыламыз», — деп қорытындылады әңгімесін.

Ал бұл әңгімеден түйгеніміз: металл да, адам да уақытпен, еңбекпен, қиындықпен шындалады. Ақтөбе ферроқорытпа зауыты қазір жаңа рекордтарды бағындырып жатыр. Сол жетістіктің артында жұмысын шын сүйетін, зауытпен бірге өсіп, бірге өзгерген адамдар тұр. Ержан Абдулабеков — солардың бірі.

СЕРПІН

20 ЖЕЛТОҚСАН 2025 | СЕНБІ

ЖӨНДЕЛГЕН ЖОЛ,
ОРЫНДАЛҒАН ІС

Кейінгі жылдары Маралды округі тұрғындарының мамыражай өмір сүруі үшін бірқатар іс атқарылған. Мұны тұрғындар да растап отыр. Облыс әкімі Нұрымбет Сақтағановпен кездесудегі әңгіме басы да алғыс айтудан басталды. Бірі жол мәселесінің күрмеуі шешіле бастағанына қуанса, енді бірі балаларға арналған ойын алаңының құрылысына дән риза екенін жеткізді.

«Туған жер — алтын бесігім» дейді дана халқымыз. Маралды — ата-бабамыздың ізі қалған, маңдай терімен көркейген, бізге аманат болып жеткен қасиетті мекен. Бүгінде біз Жаңа Маралды жөнінде айтып отырмыз. Жаңа Маралды жай сөз ғана емес, бұл — нақты іс, әр тұрғынға шынайы көрініп отырған нәтиже. Жаңа Маралды — үміт, сенім және болашаққа жасалған нақты қадам. Кейінгі кезде ауылды дамыту үшін нақты жұмыс жүріп жатыр. Ауылшілік жолдар жөнделді, жарық тартылды, балалар және спорт алаңдары салынды. Ұзаққа созылған орталықтан-дырылған су мәселесі шешілді, мектептің төбесі жаңартылды. Ал келесі жылы мектептің ішкі жөндеу жұмысы басталады. Бұл Жаңа Маралдының бой көтеріп келе жатқанын, ауылдың тынысы кеңейіп, болашаққа сенім нығайғанын білдірсе керек», — дейді Нұрымбет Сақтағанов.

ЖАҢА МАРАЛДЫ —
БІРЛІК ПЕН ДАМУДЫҢ ЖОЛЫ

Тәуелсіздік күні қарсаңында Күршім ауданы жұртына сүйінші хабар жетті. Себебі Шығыс Қазақстан облысы әкімі Нұрымбет Сақтағанов Маралды ауылдық округіне арнайы келіп, тұрғындардың мұң-мұқтажын сұрады. Шұрқырасқан ел базинасын айтып, ауылдағы жарық пен интернет мәселесін күн тәртібіне қойды.



Екі сағатқа созылған кездесуде ауданның әлеуметтік-экономикалық, экологиялық, мәдени мәселелері талқыға түсті. 2025 жылы қандай іс оналғанын, жүйеге түскені айтылды. Бұл турасында аталған аудан әкімі Мейіржан Әлбеков баяндамасында кеңінен көсілді. Оның мәліметінше, биыл округтың әлеуметтік-экономикалық дамуына жергілікті алтын өндіруші компаниямен жасалған меморандум аясында 400 миллион теңге бөлінген. Бұл қаражат Қыстау-Күршім ауылы-

ның орталық көшесін орташа жөндеуге, Маралды ауылындағы ҰОС ардагерлерінің аллеясына гранит плиталарын төсуге, ауылдық округ ауылдарында абоненттер үшін Starlink спутниктік интернет жүйесін орнатуға, ауданның басқа да ауылдық округтерін әлеуметтік дамытуға, орталық саябақты қоршауға және Маралды ауылының стадионында спорттық құрал-жабдықтар алуға, Үшбұлақ пен Қыстау-Күршім ауылдарында шағын футбол алаңын салуға және жас мамандар үшін тұр-

ғын үй сатып алуға бағытталған.

Аймақ басшысы жоғарыда аталған алтын өндіру компаниясына қатысты тұрғындардың пікірін тыңдап, экологияға қатысты тұсына байыппен жауап берді.

«Әрине, өндіріс пен экологияға қатысты алаңдаушылық бар екенін жақсы түсінемін. Бұл — халықтың туған жерге деген жанашырлығының белгісі. Алтын өндіретін кәсіпорын облыс және республикалық деңгейде қатаң экологиялық

бақылауда. Экология мен халық денсаулығы — біздің ең басты құндылығымыз. Бұл бағытта ешқандай бейқамдыққа, немқұрайлыққа жол берілмейді. Әрбір тексеру ашық өтеді, әрбір талап орындалады. Сонымен қатар бұл өндіріс — ауыл экономикасының маңызды тірегі. Бұл — жаңа жұмыс орындары, тұрақты табыс, әлеуметтік жауапкершілік. Онда өз ауылымыздың азаматтары еңбек етіп жүр. Қазір Маралды округінен 25 адам сонда жұмысқа кірген», — деді облыс әкімі.

ЖАС КЕЛСЕ — ІСКЕ!

Әсіресе, жиын барысында белсенді жастар аймақ басшысына арыз-арманын жеткізіп, мүмкіндік беруін сұрады. Бір тұрғын мал шаруашылығымен, соның ішінде сүт және ет бағытында бизнеспен айналысқысы келетінін айтты. Мал бордақылау бойынша грант алғысы келетінін, қайта грант бөлу жалғасса, бел шеше кірісуге дайын екеніне сендірді. Бұған облыс әкімі «белдерінді буып, қорықпай жұмыс істей беріңдер!» деп жауап берді. 2,5 пайыз несие беретін «Ауыл аманаты» сияқты бағдарлама аясында қамдануға болатынын, оның үстіне жергілікті бюджеттен де кәсіпкерлерге көмектесудің жолын қарасты-

ратынын жеткізді. Өскен елін өркендеткісі келетін әрбіріне қолдау білдіріп, мал шаруашылығы мен туризмді дамытамыз дейтін жастарды қуана қоштады.

Өйткені биыл Маралды ауылында мал сою алаңын салуға, Қыстау-Күршім ауылында көше жарығын орнатуға, Маралды ауылында хоккей алаңын жөндеуге, өрт сөндіру пунктін жөндеуге, көше жарығын орнатуға, округ студенттерінің оқуына ақы төлеуге, мал өткелін орнатуға, су құбыры желілерін ағымдағы жөндеуге, шаруаларға қайтарымсыз гранттар ретінде несие беруге қаражат бөлінген. Әрі барлығы онынан шешіліп, тұрғындар қуанышымен бөліскенді.

Мәселен, Қыстау-Күршім ауылының тұрғыны Ләйлә Майлықанова бұл жерге былтыр

көшіп келген. Қазір еңсесін тіктеп, ел қатарлы еңбек етіп жүргенін айтты.

«Мен осы ауылға 2024 жылы жұмыс бабымен көшіп келдім. Аталған жылы тұрғын үймен қамтамасыз етті. Биыл шешілмеген интернет мәселесі бір ізге түсіп, орнатып берді. Көптеген игі іс жасалды. Балаларға ойын алаңы, футбол алаңын соғып, жаңадан мектеп құрылысы басталды. Шалғай ауылдағы тұрғындардың арыз-арманының орындалуына себепші болған облыс, аудан, ауыл әкімдеріне алғысым шексіз», — деді Қыстау-Күршім ауылының тұрғыны.

Нұрымбет Сақтағанов кездесуде қоныс аударуға қатысты да пікір білдірді. Егер мамандар көшіп келіп жатса, ауылдағы бос үйлерді жөндеуден өткізіп беретінін айтты. Келер жылы үш үйді тандап алып, жөндеу жұмысын жүргізіп бере алатынын, еңбек етем деген кісіге демеу барын көрсетті. Аймақ басшысы сөзінің соңында Маралды округі одан сайын гүлденетінін, бұған ел болып жұмыла кірісу керегін атап өтті. Келер жылы округ дамуына 600 миллион теңге бөлінетінін мәлімдеді.

«Үш ауылдың жағдайына қанықтым. Бірлесе отырып, ауылдың жағдайын көтеру үшін жұмыс істейміз. Келешекте Маралды ауылдық округі дамуының даңғыл жолына түседі. Бұған барлық жағдай жетеді. Халықтың әл-ауқатын көтеру үшін жұдырықтай жұмылғанымыз жөн. Мен облыс әкімі ретінде Маралдының назардан тыс қалмайтынын нақты айтамын. Бұл ауылдың әрбір мәселесі кезең-кезеңімен, халықпен ақылдаса отырып шешіледі. Біз Жаңа Маралдыны дау-дамаймен емес — даналықпен, айқаймен емес — іспен, үреймен емес — сеніммен құруымыз керек!» — деді облыс әкімі сөз соңында.

Айбике ЖАНАСЫЛ

ӨЗЕКТИ

20 ЖЕЛТОҚСАН 2025 | СЕНБІ

Ұлттық статистика бюросының хабарлауынша, 2025 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстанда ірі қара малдың саны 8 265 240 басқа жетті. 2024 жылғы 1 желтоқсанда 8 051 370 болған. Жыл басынан бері небәрі 2,7%-ға өсті. Қазақ «өнімі оның көл-көсір» деп дәріптейтін қой саны керісінше, 2024 жылғы 19 887 277-ден 2025 жылы 19 645 963-ке дейін, -1,2%-ға кеміп кетті. Ешкі саны да «кері кетті»: былтырғы 1 718 838-ден биыл 1 691 143-ке (1,6%-ға) азайып қалды. Кейінгі жылдары кеміп бара жатқан «талпақ танау» саны кенеттен 2024 жылғы 476 776-дан 491 709-ға дейін, 3,1%-ға сәл көбейіпті.

Өсім қарқыны жөнінен үшінші жыл қатарынан мал шаруашылығының лидері — жылқы: оның саны өткен жылғы 4 072 922-ден осы жылы 4 354 871-ге жетті. Жыл басынан бері 6,9%-ға өсті. Екінші көшбасшы пайда болып отыр. Түйелер осыған жетеабыл, 6,3% өсім көрсетіп, айды аспанға бір-ақ шығарды! Осының арқасында Ойсылқара жануарының саны 2024 жылғы 282 312-ден 2025 жылы тарихи жана межеге — 300 128-ге жетті. Тарихи дейтіміз, Қазақстан Тәуелсіздікке қол жеткізген 1991 жылы республикамызда 142,5 мыңға жетер-жетпес қана түйе қалыпты. XIX ғасыр соңындағы патшалық санақ бойынша қазақ жерінде 1,3 миллионнан аса түйе болған екен. Азаттықтың арқасында Ойсылқара түлігінің саны сол биігіне де жетер.

Мемлекеттің өзіне назар аударып, жағдай жасауы арқасында үлектер мен аруаналардың боталауы жақсарған. Ұлттық статистика бюросының мәлімдеуінше, биыл боталау көрсеткіші жақсарды: 2024 жылы 50 864 бота аяқтанса, 2025 жылы бұл жануарлар арасындағы өсім 53 862 ботаға дейін жетті. 100 аналыққа шаққандағы боталау коэффициенті былтырғы 31-ден биыл 33-ке (әрбір 100 түйеден 33 бота туады) дейін ұлғайды.

Ескерер жайт, түйе малы екі жылда бір рет қана төлейді дейді халық. Түйе өзінің төлін он екі ай көтереді. Сондықтан жылда құлындайтын, бұзаулайтын, қозылайтын, лақтайтын, әрі бір рет төлдегенде егізін және одан көбін дүниеге әкеле алатын өзге малдарға қарағанда түйе басы ақырын өседі. Бірақ түйе шаруашылығының дәуірі енді туып келе жатса керек, демек барлық жетістігі әлі алда!

ТҮЙЕ СҮТІ ХАЛЫҚҚА НЕГЕ ҚОЛЖЕТІМСІЗ?

Кәсіпкерлер түйелердің өте көнімді жануар екенін түсінді. Ол 12 ай бойы ағыл-тегіл сүт береді. Одан дайындалған құрғақ табиғи түйе сүті Қазақстанның экспорттық тауарына айналды. Отандық компаниялар өз өнімдерін Қытай, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Моңғолия, Түркия, Еуропа және басқа елдерге жеткізеді.

«Бұл өнім — түйе сүтінен әзірленген: мұздату-кептіру технологиясының инновациялық әдісімен өндірілген, коректік заттардың, дәрумендердің, микроэлементтердің 95%-ы сақталған жоғары сапалы отандық өнім. Ол асқазан-ішек жолы, жүрек-қан тамырлары ауруларының және басқа дерттердің алдын алады. Имунитетті нығайтады, бұлшық еттерді ұлғайту және теріні жасарту үшін қолданылады», — делінген бір өнімнің жарнамалық брошюрасында.

2025 жыл түйе шаруашылығы түлеген жыл ретінде тарихта қалмақ. Төрт түліктің ішінде көбею қарқыны жөнінен Ойсылқара тұқымы көш бастап тұр. Ол кейінгі жылдардың лидері Қамбар ата түлігімен теңесіп қалды. Статистика органы елді елең еткізген осы жаңалығын жариялады. Түйе өнімдері де жаңа белеске шығыпты. Қазақстанда жасалған Camel Milk желілік маркетинг әдісімен кең таралды. Оған тіпті Қытайда сұраныс артқан. Түйе өсіру сәнге және мықты бизнеске айнала бастады.

ұсынбайды. Сұраныс болғандықтан ба, бағасы қайта жылына бірнеше рет қымбаттайды. Бұған қоса, егер бұрын бір құтысын алуға болса, қазір 2-3 және одан көбін алмасаң, сатпайды, — деді Астана тұрғыны Құлпара Айтжанова.

Ол кісі бұл өнімді бірнеше жылдан бері алып келеді екен, пайдасы барын жасырмады. Тек қарапайым халыққа қолжетімсіз болып бара жатқанына назар аудартты және сын-ескертпелерін айтты. Биылғы күзде бес жүздей

Медициналық журналдарда жазылғандай, кейбір Азия елдері сияқты Қытай тұрғындары да «лактозаға төзбеушілік» кесірінен қарапайым сүтті қорыта, іше алмайды. Көбісінде 3-4 жастан соң ағзасы «лактаза» ферментін түзуді тоқтатады. Бұл фермент «сүт қантын» (лактозаны) ыдырату үшін қажет. Салдарынан, сүт бойына сіңбейді, газ тудырады, іш кебу, іш өту-диареяға және басқасына соқтырады.

Оның жанында «сублимацияланған түйе саумалы» қытай және

камту шаралары жоспарланған. Соның ішінде шалғай жайылымдарда түйе өсіру үшін құдық қазуға, ұңғыма бұрғылауға бюджеттен ақша беріледі. Осы іске кәсіпкердің жұмсаған инвестшығындарының 50%-ы бюджеттен өтеледі. Ал алып өзен-көлі жоқ Маңғыстау облысы үшін өтеу мөлшері 80%-ға жеткізілген.

Солтүстік Қазақстан облысының он тәжірибесін тираждау бағдарламасы шеңберінде түйе сүтін құрғату және сублимациялау



Түйе ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТҮЛЛЕГЕН ЖЫЛ

Кәсіпкерлер оны «түйе саумалы», «саубота» және басқа атау-брендтермен сатып жатыр. Ресейлік және қытайлық маркетплейстардан, әлеуметтік желіден де саудаланады. 90-шы жылдары Herbalife компаниясы өз өнімдерін дәстүрлі дүкендер желісі арқылы емес, тәуелсіз дистрибьюторлар желісі арқылы өткізу үшін тікелей және көпдеңгейлі маркетинг моделін (MLM) пайда-

капсула не таблетка толтырылған бір құтысының ең арзан бағасы 50 мыңнан 250 мың теңгеге дейін аспандап кеткен екен.

Бүгінде ұнтақталған «түйе саумалы» көрші Қытайда біршама үлкен сұранысқа ие болыпты. Түркістан облысының Арыс қаласында орналасқан кәсіпорынның коммерциялық директоры Айдын Әмірғалиевтің түсіндіруінше, компания құрғақ

басқа азиялықтардың бойына дәру болып дариды. Себебі ол гипоаллергенді, лактозасыз өнім екен.

БҮЛІ «АҚҚА» ҮКІМЕТ ТЕ ЖАҚ

Премьер-министр Олжас Бектенов Мәжіліс депутаттарын түйе шаруашылығын өрге бастыру бағытында атқарып жатқан істері жөнінде хабарлар етті. Оның айтуынша, Үкімет түйе шаруашылығын дамыту, мал басын көбейту, мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну және өнімді тиімді өткізу бағытында жұмыс жүргізіп жатыр. Оны ынталандыру мақсатында «Асылтұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларының» шеңберінде мемлекеттік қолдау шаралары көзделген. Мәселен, алғаш рет асыл тұқымды аталық түйе сатып алуды субсидиялау қолға алыныпты.

— Асылтұқымды жануарлар құнының өсуіне байланысты алда түйе төлін сатып алуға арналған субсидия мөлшерін бір басқа 100 мың теңгеден 175 мың теңгеге дейін арттыруды көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу бағытында жұмыс жүргізіліп жатыр. Бұдан басқа, түйе сүтін өндіру мен қайта өңдеуді субсидиялау жүзеге асырылады. Оның нормативі биылғы жылдың маусымында 1 келісіне 55 теңгеден 190 теңгеге дейін ұлғайтылды, — деді Үкімет жетекшісі.

Инвестициялық субсидиялау қағидалары аясында жайылымдарды суландыру инфрақұрылымын дамыту және мал шаруашылығы нысандарын су көздерімен

зауыттарын салу жобаларына қолдау көрсетілмек. Бұл жобаларға әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар (ӘКК) арқылы елдегі бизнеске арналған ең арзан несие беріледі: жылдық 2,5% жеңілдетілген қаржыландыру тетігі іске қосылды.

«Маңғыстау, Атырау, Қызылорда және Ұлытау облыстары сияқты түйе шаруашылығы дәстүрлі түрде дамыған құрғақ аймақтарда жем-шөпке жұмсалатын шығындарды арзандатуға арналған субсидиялау тетігі қолданылады. Бұл ретте субсидия алуға өтінімдерді қабылдау мерзімдерін, оның өлшемшарттары мен нормативтерін жергілікті атқарушы органдар бекітеді, бұл өнімдердің табиғи-климаттық және экономикалық ерекшеліктерін ескере отырып, шешім қабылдау кезінде икемділік пен жеделдікті қамтамасыз етеді», — деді О.Бектенов.

Президенттің 2025 жылғы Жолдауындағы тапсырмасын орындау үшін 2026—2030 жылдарға арналған Мал шаруашылығы саласында агробизнесіті қолдау мен дамытудың кешенді жоспарының жобасы әзірлену үстінде. Премьер-министр сонда түйе шаруашылығын да қолдау мен дамыту шаралары көзделгенін жеткізді. Оның ішінде асылтұқымды мал сатып алуға жеңілдетілген және ұзақмерзімді кредит беру, «Даму» қоры арқылы 80%-ға дейін кепілдендіру тетігін енгізу, салалық қызметкерлердің отбасыларына әлеуметтік жағдай жасау, дәстүрлі жайылымдық пайдалану жүйесін бейімдеп, көшпелі мал шаруашылығын дамыту, саланы білікті мамандармен қамту, селекция мен генетика саласын ғылыми сүйемелдеуді өрістету бар.

Осы және басқа шараларды іске асыру түйе сүтінен, жүнінен, етінен, терісінен жасалған отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, өңдеу және экспорт көлемдерін ұлғайтуға, сондай-ақ түйе шаруашылығының серпінді дамуын қамтамасыз етуге, сөйтіп Ұлы даланы түйеге де толтыруға мүмкіндік беруге тиіс.

Айхан ШӘРІП

ТЫНЫС

20 ЖЕЛТОҚСАН 2025 | СЕНБІ

«АМАНАТ» партиясының Түркістан облыстық филиалы биыл сайлауалды бағдарламаның өңірдегі міндеттерін жүйелі түрде орындап, нақты нәтижелерге қол жеткізді. Басты назар – сайлау алдында берген уәделерімізді орындауға, азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға, тұрғындардың табысын арттыруға, аймақтың әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын сақтауға, тұрғындардың құқықтарын қорғауға және қоғамдық сенімді күшейтуге арналды. Түркістан облысында жыл басынан бері партия қатарына 3 220 адам қабылданып, партия мүшелерінің саны 84 879 адамды құрады. Жылдық жоспар 185 пайызға артығымен орындалып, партияластарымыздың қатары едәуір кеңейді. Жаңа мүшелердің қабылдануы партияның сапалық құрамын нығайтып, қоғаммен жұмыс жүргізу әлеуетін күшейтті. Әртүрлі сала мамандарының, белсенді азаматтардың қосылуы партия жұмысының практикалық тиімділігін арттыра түсті.



Облыстық партия филиалының «Жастар Рухы» жастар қанатының да белсенділігі айтарлықтай күшейді. Жастардың өңірлік жобаларға қатысуы артты, олардың ұсыныстары партия жұмысының маңызды бөлігіне айналды. Партия жастарының ұйымдастыруымен үстел теннисінен облыстық турнир, АМАНАТ АҚЫЛ-МАН интеллектуалды ойындары, бастауыш партия ұйымдарының арасында АМАНАТ CUP ішіі футболдан жарыс, «Жастарға жұмыс» жобасы аясында бос жұмыс орындарының жәрменкелері ұйымдастырылды. Оған қоса, «Чемпиондық рух» жобасы аясында әлем чемпиондарының қатысуымен жастарға арналған таңғы жаттығулар мен шеберлік сағаттары өткізілді. Бүгін дәл осы мазмұндағы іс-шара Түлкібас ауданында өткізіліп, оған бокстан әлем чемпиондары ағайынды Махмұт және Төрехан Сабырхан қатысты. Қазір «Жастар Рухы» жастар қанаты Қазақстан брендинің жаңа форматта, көпшіліктің қатысуымен ілгерілету жұмыстарын белсенді түрде жалғастыруда. Тәуелсіздік күніне орай 12 желтоқсанда Төлеби ауданында республика көлемінде алғаш рет партияластар арасында қазақ күресінен АМАНАТ BARYSY турнирі өтті. Партия қызметі жөнінде ақпараттық белсенділік күшейтіліп, партияның сенім мандатын алған депутаттық корпуспен брифингтер өткізу үрдісі жолға қойылды. Партия жұмысы туралы жедел әрі ашық ақпарат беру, қоғаммен тұрақты коммуникация орнатуға басымдық берілді.

Алдағы жұмыс бағыттары ретінде «Ауыл аманаты» жобасын тиімді жалғастыру, Жол картасы тармақтарының орындалуына бақылауды күшейту, аумақтық партия филиалдарының материалдық-техникалық базасын нығайту міндеттері белгіленді. Сайланбалы лауазымдарға партия атынан ұсынылатын кандидаттар бойынша гендерлік теңдік қағидатын ұстану, облыстағы әлеуметтік тәуекелі орта деңгейдегі отбасылардың санын азайту бойынша пәрменді шаралар қабылдау ұсынылды. Өңірдегі индустриалды аймақтар мен өндірістік парктерде өңдеу өнеркәсібіне басымдық беру, шағын кооперативтерді біріктіріп, өндіріс көлемін ұлғайту, «Әкімдер мектебі» жобасының тиімді іске асырылуын үйлестіру жүктелді. Түркістан облысы еліміздегі ең халқы көп өңір екені ескеріліп, партия қызметі, оның бастамалары туралы ақпараттық жұмысты күшейту тапсырылды, жастармен бағдарланған жұмыстар атқаруға басымдық берілді. Партияның қоғамдық белсенділігін арттыру, партиялық бақылауды күшейту бағыттарында бірқатар тапсырма берілді. Бұл жұмыстар облыстық партия филиалының алдағы жұмыс бағыттары болып түзіледі.

Алтынсары ҮМБЕТӘЛИЕВ,
«АМАНАТ» партиясы
Түркістан облыстық
филиалының төрағасы, облыстық
мәслихаттағы фракция жетекшісі

БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ – ҚОҒАМ СЕНІМІ

Депутаттық корпуспен өзара іс-қимыл да айтарлықтай күшейді. Облыстық, аудандық, қалалық мәслихаттардағы фракция депутаттары өңірдегі өзекті мәселелерді тұрақты көтеріп, олардың шешіміне тікелей ықпал етіп келеді. Жыл басынан бері депутаттық фракциялардың 60 отырысы өтіп, 140 мәселе қаралды. Депутаттар сайлауалды бағдарламаның орындалуы мен қысқы жылу маусымына дайындық секілді өзекті мәселелерді қарасты-

лихат депутатының, 8 аудандық мәслихат төрағаларының, 5 аудандық фракция жетекшілерінің, 3 аудандық мәслихат депутатының есебі тыңдалып, партияның сайлауалды бағдарламасын іске асырудағы белсенді қызметі, депутаттық этиканы сақтау мәселелері талқыланып, нақты ұсынымдар берілді.

Облыстық партия филиалы жанындағы кеңестер өңірлік проблемалар талқыланып, олар бойынша нақты шешімдер

Облыстық партия филиалы жанындағы кеңестер өңірлік проблемалар талқыланып, олар бойынша нақты шешімдер қабылданатын алаңға айналды. Осы мақсатта қызмет атқаратын 10 кеңестің 96 отырысы өтіп, 216 мәселе қаралды, жергілікті атқарушы органдарға 641 ұсыныс жолданса, оның 428-і немесе берілген барлық ұсыныстың 66,8 пайызы орындалды.

рып, облыс әкімі орынбасарының, салалық басқармалар мен аудан, қала әкімдерінің, коммуналдық сала басшыларының есебін тыңдады. Депутаттық корпус алдында Түркістан облысының Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, Құрылыс, Денсаулық сақтау, Білім, Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармаларының басшылары, Арыс, Түркістан, Кентау қалалары мен Мақтаарал, Қазығұрт, Келес, Ордабасы, Созақ аудандарының әкімдері, QazaqGaz Аймақ, «Интер Газ Орталық Азия», «Қаз-АвтоЖол» акционерлік қоғамдарының, Кентау қаласындағы №5 жылу энерго орталығының басшылықтары, Түркістан, Түлкібас, Сайрам, Төлеби, Келес аудандық фракция жетекшілері есеп берді, өзекті мәселелерді бірлесе қарастырып, ортақ шешімдер қабылданды.

Облыстық саяси кеңес бюросында Түркістан облыстық Спорт және дене шынықтыру, Кәсіпкерлік және өнеркәсіп, Құрылыс, Экономика және бюджеттік жоспарлау, Ауыл шаруашылығы басқармаларының, 2 облыстық мәс-

қабылданатын алаңға айналды. Осы мақсатта қызмет атқаратын 10 кеңестің 96 отырысы өтіп, 216 мәселе қаралды, жергілікті атқарушы органдарға 641 ұсыныс жолданса, оның 428-і немесе берілген барлық ұсыныстың 66,8 пайызы орындалды. Отырыстар, көшпелі форматта аудан, қалаларда өткізіліп, сайлауалды бағдарламаның орындалуы, аумақтарда су тасқындарын болдырмау, қоғамның алаңдаушылығын туғызған лейшманиоз, аутизм дерттерінің алдын алу, ана мен баланы қолдау, жолдардың қауіпсіз болуын қамту, Сайрам ауданы Қарабұлақ ауылындағы қатты тұрмыстық қалдықтар полигонының мәселесін шешу сынды өзекті мәселелер қарастырылды. Кеше ғана кәсіпкерлік мәселелер жөніндегі өңірлік үйлестіру кеңесінің алғашқы жұмыс жиыны өтіп, алдағы жұмыс бағыттары белгіленді.

Облыстық партия филиалының әйелдер қанатымен жергілікті телеарнада «Әйел аманаты» бағдарламасы ашылып, негізгі 10 бағыт бойынша тақырыптық сұхбаттар, сюжеттер шығару қолға алынды. Өңірімізде әйел көшбасшыларының мектебін ашу жү-

Партияның сайлауалды бағдарламасын Түркістан облысында іске асыру жөніндегі Жол картасында 136 индикатор, 568 іс-шара жоспарланса, соңғы үш жылға жуық мерзім ішінде кешенді жоспардың орындалуы 55 пайызға жетті, партия бақылауында тұрған 313 іс-шара толығымен орындалды. Соның ішінде 2025 жылға жоспарланған 121 іс-шараның 77-сі немесе 63,6 пайызы орындалып, қалғандарының іске асырылуы тұрақты бақылауымызға алынды. Облыс аумағындағы 28 нысанда партиялық бақылау бекеттері жұмыс істеуде. Оның 7 нысаны Жол картасы аясында болса, 21-і – бюджет есебінен салынып жатқан нысандар. Жол картасындағы тәуекелі бар нысандардың құрылысына қатысты мәселелер облыс басшылығымен бірлесе қарастырылып келеді және олардың орындалуы қатаң бақылауға алынған. Мәселен, осы санаттағы «Созақ-Тасты-Қылти» автожолы мен Мақтаарал ауданындағы 4 мектептің құрылысына қатысты мәселелер шешімін тауып, пайдалануға берілсе, Бәйдібек ауданы Шаян ауылындағы 300 орындық мектептің құрылысы аяқталып, осы айда іске қосылмақ. Түркістан қаласындағы Ана мен бала орталығының құрылысы Біріккен Араб Әмірліктерінің инвестициясы есебінен қарқын алды.

Партия бекіткен жоспарда агроөнеркәсіптік кешенге ылғал үнемдеу технологиясын енгізуді 50 мың гектарға жеткізу көзделсе, есепті мерзімде бұл көрсеткіш 59 мың гектарды құрап, 118 пайызға артығымен орындалды. Бұл бағытта Арыс қаласы мен Отырар ауданы аумағында 32 мың гектарға жаңа технологиялармен мақта егіліп, ылғал үнемдеу технологиясы қолданылды. Нәтижесінде, орташа өнімділік облыстың орташа өнімділігінен екі есе артып, гектарына 45 центнерден өнім жиналды. Алдағы уақытта егіс алқабы 60 мың гектарға жететін болады. Алынған мақта өнімін өңдеуде Түркістандағы «Тұран» арнайы экономикалық аймағында мақтаны терең өңдеу және дайын өнімді экспорттауға арналған көпсалалы кешеннің құрылысы басталды. Жоба құны 146,8 млрд теңгені құрап, толық циклді мақта өңдеу, тоқыма, иіру, мата өндіру, бояу, өңдеу бойынша 4 зауыт салынады.

ҚОҒАМ

20 ЖЕЛТОҚСАН 2025 | СЕНБІ

«АМАНАТ» партиясының БҚО филиалы 2023-2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру жолында еңбек етіп жатыр. Осы жылдың қорытындысы бойынша көңіл қуантар нәтиже көп. Әсіресе, «Жер аманаты» мен «Ауыл аманаты» жобасы ауыл тұрғындары тарапынан кең қолдау тауып отыр.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы

БҚО бойынша партия бастамасымен тек биылдың өзінде 120 280 гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылды, оның 38 мың гектары кері пайдалануға беріліп отыр. Ауылдағы ағайын үшін жер мәселесі қашанда өзекті. Жайылым жер үшін талай дауды бастан кешіріп отыр. Осы жер дауымен облыстық партия табалдырығын тоздыратындар аз емес. Бірі жайылым жер сұраса, екіншісі егістік үшін жер сұрайды. Жерді бөлен гектарлап алып алған

АЙҚЫН МАҚСАТ, БЕЛГІЛІ МЕЖЕ



кожалықтар ауыл халқының малын жайғызбайтын кездер де жиі кездеседі. Осындай қиындықпен бетпе-бет келген ағайынның бәрі облыстық партияның қабылдау бөліміне жазылады.

— Жер мәселесі күн тәртібінен түскен емес. Партияның қабылдау бөліміне осы сұрақпен келетін адам санына қарап біз осыны айта аламыз. Қазір біз аудан әкімдері мен ауыл әкімдері арқылы ауылдық жердегі пайдаланылмай жатқан жер телімдерін қайтару

мәселесімен айналысып жатырмыз. Сот процестері де бар жүріп жатқан. Ауылдық жерде отырып кәсіп бастаған жас азаматтар қабылдауға келеді. Бос жатқан жер көп, бізге берілмейді деп шағымданады. Ал заң жүзінде ол жер бір кожалыққа тиесілі. Осындай мысал көп. Ол кожалықтан жерді алу, оны кері мемлекет меншігіне қайтару жұмыстарын партия үздіксіз атқарып келеді, — дейді облыстық партияның атқарушы хатшысы Азамат Сафималиев.

Партияның тағы бір сәтті жобасы бұл — Ауыл аманаты жобасы. Осы жобаның арқасында өңірде жұмыссыздық деңгейі азайып, кәсіпке бет бұрғандар саны артты.

БҚО-да «Ауыл аманаты» жобасы басталғалы 14,4 млрд теңгеден астам қаржы бөлініп, 1 391 микрокредит берілген. Төмендетілген несиенің қызығын негізінен ауылдағы ағайын көріп отыр. Осының нәтижесінде 1 138 жаңа жұмыс орны ашылған. Ал 2025 жылы 5,5 млрд теңге қаржы бөлініп, 816,6 млн теңгеге 74 несие берілген. Биыл 134 жаңа жұмыс орны ашылған.

Партияның алға қойған мақсаты айқын. Сондықтан да әр күн, әр жоспар тыңғылықты қаралады. Ол туралы бізге облыстық филиалдың атқарушы хатшысы Азамат Сафималиев былай дейді.

«АМАНАТ» халықтық партия болған соң ел тағдыры үшін жауапкершілік жүгін аркалап, өзінің құрылған күнінен бастап адамның, қоғамның және мемлекеттің дамуына жасалатын жағдайды жақсарту мақсатымен экономика мен саясатта ауқымды реформаларды тұрақты түрде жүзеге асыруда. Осы тұрғыдан «АМАНАТ» партиясы халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту жолындағы барлық игі бастамаға ұйытқы болып, ортақ мүдде жолында күш біріктіріп, елдің көркейіп гүлденуіне үлес қосып келеді. Қоғамға пайдалы көптеген бастама

мен тындырымды істің басы-қасында болып келеміз. Кент және елді мекен тұрғындарымен жүйелі түрде кездесіп, ұдайы қоғамдық қабылдау ұйымдастырып отырамыз. Әсіресе, қарапайым халықпен жеке қабылдау өткізіп, келелі мәселелерді кенінен қозғап, шешу жолдарын қарастырамыз. Мұнда партия халықты ашық форматта қабылдайды және бірінші кезекте тұрғындардың өтініші мен құқықтары басты назарға алынады, — деді ол.

Бас партияның БҚО-дағы филиалы 2023 жылдан бері сайлауалды бағдарламаны жүзеге асыру аясында келесідей нәтижелерге қол жеткізген.

Атап айтсақ, облысқа инвесторлар көптеп тартылып, нәтижесінде 41 инвестициялық жоба іске қосылып, 1 473 жаңа жұмыс орны ашылып отыр. Тек БҚО-ның өзінде 25 мектеп, 78 мектепке дейінгі ұйым, 50 медициналық ұйым ашылды.

Дегенмен алда әлі де талай атқарылуы тиіс жұмыс бар. Оны атқару үшін бюджеттен қаражат қажет дейді мамандар.

Атап айтсақ, алда шешілмей тұрған экологиялық проблемалар, облыс тұрғындарының өмір сапасын арттыру, кіріс көзін еселеу, медициналық қызметтің сапасын көтеру мәселері бойынша әлі де түсетін арыз шағымдар бар. Партия жетекшілігі алдағы уақытта бұл жұмыстарды да ретке келтіретінін жеткізіп отыр.

Наргизам МАХМУДОВА:

АССАМБЛЕЯ — ТАТУЛЫҚТЫ ТҮЛЕТКЕН ТӨР

Қалалық этносаралық қатынастың орны мен қоғамдық келісімді нығайтудағы рөлі туралы Астана қалалық ҚХА төрағасының орынбасары Наргизам Махмудовадан сұрап білдік.

— Қазір Астана көпұлтты мегаполиске айналды. Қалада этносаралық келісімді сақтау үшін Ассамблея қандай нақты жобаларды жүзеге асырып жатыр?

— Әртүрлі мәдениет, тіл мен дәстүр тоғысқан қалада этносаралық келісімді сақтау — тек мемлекеттік саясаттың емес, қоғамдық институттардың да басты міндеті. Осы бағытта Астана қаласында Қазақстан халқы Ассамблеясы жүйелі әрі нақты жобаларды жүзеге асырып келеді.

Қалалық Ассамблея жұмысының өзегінде алдын алу, диалог және өзара түсіністік қағидаттары тұр. Бұл ұстаным ең алдымен елордадағы Достық үйі мен этномәдени бірлестіктер қызметінен көрініс табады. Астанада ондаған этномәдени орталық жұмыс істейді. Олар ұлттық мерекелер, мәдени фестивалдар, көрмелер мен ашық кездесулер ұйымдастырып, қала тұрғындарын түрлі халықтың салт-дәстүрімен таныстырады. Мұндай іс-шаралар этностар арасындағы мәдени алшақтықты азайтып, ортақ құндылықтарды нығайтуға ықпал етеді.

Айта кетейік, Астанада Қазақстан халқы Ассамблеясының 30

Қоғамдық келісім мен этносаралық татулық — Қазақстан тұрақтылығының басты тіректерінің бірі. Көпұлтты әрі көпконфессиялы қоғамда бұл құндылықтарды сақтау мен нығайту мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының қатарында. Осы тұрғыда Қазақстан халқы Ассамблеясы ел ішіндегі бірлік пен өзара түсіністікті қамтамасыз ететін маңызды қоғамдық институт ретінде жұмыс істеп келеді.

жылдығына арналған мерейтойлық жылдың ресми ашылуы өтті. Салтанатты шара барысында Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен «Қазақстан халқы Ассамблеясына — 30 жыл» ескерткіш тақтасының ашылу рәсімін Халық Қаһарманы Бақытжан Ертаевқа ұсынды.

Астана қалалық Ассамблеясы жанынан жұмыс істейтін қоғамдық қабылдаулар мен медиация алаңдары тұрмыстық, әлеуметтік немесе тілдік сипаттағы даулы мәселелерді ушықтырмай, келісім арқылы шешуге мүмкіндік береді. Бұл механизм, әсіресе көпқабатты үйлерде, еңбек ұжымдарында және жастар ортасында тиімді нәтиже көрсетіп отыр.

— Астанадағы жастарды Ассамблея жұмысына тарту қалай жүзеге асады?

— Астанадағы жастарды Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысына тарту жүйелі әрі нақты тетіктер арқылы жүзеге асады. Бұл процесс формалды шаралармен шектелмей, жастардың күнделікті әлеуметтік белсенділігіне негізделген.

Ең алдымен, елордада Ассамблея жанынан жұмыс істейтін «Жаңғыру жолы» республикалық жастар қозғалысы негізгі алаң саналады. Бұл ұйым арқылы студенттер мен жас мамандар волонтерлік жобаларға, қоғамдық келісімді нығайтуға бағытталған акцияларға, мәдени-ағартушылық іс-шараларға тартылады. Жастар этносаралық татулық, азаматтық бірлік және патриоттық құндылықтар тақырыптарында бастамалар көтеріп, оны өздері жүзеге асырады.



жарияланады. Әсіресе, мемлекеттік акпараттық саясат аясында этносаралық келісім, қоғамдық бірлік тақырыптары жаңалық форматында жиі қамтылады. Бұл тұрғыда Ассамблеяның институционалдық рөлі медиада көрінбей қалды деуге болмайды.

Сонымен қатар Астана медиасында Ассамблея жұмысы тек ресми жаңалық деңгейінде емес, сұхбат, репортаж және арнайы жобалар форматында да қамтылып келеді. Қоғам қайраткерлері, ғалымдар, Ассамблея мүшелері қатысқан талдамалы материалдар арқылы қоғамдық келісім идеясы тереңірек ашылады. Бұл оқырманның тақырыпқа деген қызығушылығын арттырады.

— Алдағы 5 жылда елорда Ассамблеясы қандай бағыттарға басымдық бермек?

— Алдағы кезеңде Ассамблея жастармен жұмысты күшейтуді көздейді. Қаладағы демографиялық құрылым мен урбанизация үдерісін ескергенде, қоғамдық келісім идеясының жас буынға түсінікті әрі жақын тілде жеткізілуі маңызды. Елорда жағдайында тұрмыстық және әлеуметтік келіспеушіліктердің алдын алу — Ассамблея жұмысының маңызды бағыты. Алдағы бес жылда қоғамдық медиация институтын дамытуға ерекше мән беріледі. Қалалық деңгейде кеңес беру, қоғамдық қабылдау және татуластыру алаңдары арқылы дау-жанжалдарды ушықтырмай шешу көзделіп отыр. Бұл этносаралық келісімді сақтауда тиімді әрі заманауи құрал саналады.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Әсет ҚАЛИ

ЖАНАЗЫҚ

20 ЖЕЛТОҚСАН 2025 | СЕНБІ

Кітапхана – қоғамның мәдени «иммунитетін» жақсартатын ең мәдени орталықтың бірі. Оқырман орталығының кеңеюі, санының артуы елдің зияткерлік деңгейі мен рухани қуатының нығайып келе жатқанының көрінісі болса керек. Ақпарат тасқыны толастамай, цифрлық кеңістік күн сайын сананы жаулаған шақта адам баласы сапалы білімге, тыныш ойға, терең мазмұнға бұрынғыдан да көбірек зәру бола түсті. Осындай сәтте кітапхана оқырманның өз-өзімен сырласуына, кітаппен бетпе-бет қалуға жетелейтін рухани панасына айналып отыр.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, елордада кітапхана жүйесін жаңғырту жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Астана қаласы әкімдігіне қарасты «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінде» 2023 жылға дейін 18 кітапхана жұмыс істесе, сол жылдың ішінде 4 кітапхана ақпараттық технологиялар арқылы коуоркинг-орталыққа айналды. Сонымен қатар ғимараттарды жөндеу мен жаңғырту жұмыстары жүргізілді.

Ал 2024 жылы елорданың төрт ауданында тағы 4 кітапхана ғимараты жаңғыртылып, 4 жаңа кітапхана ашылды. Олар: Ж.Нәжімеденов көшесіндегі №6 көпшілік кітапхана, Ә.Бөкейхан көшесіндегі №1 балалар кітапханасы, Сығанақ көшесіндегі №6 балалар кітап-

алып кету үшін емес, уақытын мазмұнды өткізу, жаңа ойлармен танысу, рухани тынығу үшін келеді. Бұл үрдіс әсіресе жастар арасында айқын байқалады.

БІР МЕЗЕТТЕ 30 АДАМҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ

Биыл елордада ашылған су жаңа үш кітапхананың бірі – «Бағыстан» тұрғын үй кешенінде заманауи кітапхана. Бұл руханият ордасы Конституцияның 30 жылдығына орай ашылған. Кітапхананың жалпы аумағы шамамен 150 шаршы метрді құрайды. Кітапханада төрт қызметкер жұмыс істейді. Кеңістік «абонемент», мультимедиялық және оқу залдарына ыңғайлы түрде бөлінген. Мұнда поэзияға құмар оқырмандар үшін клуб жұмыс істесе, колонер үйірмесі, тарихты зерттеу секциясы және мектепке дайындыққа арналған әдеби-танымдық үйірмелер де ұйымдастырылады. Қорда 3 мыңнан астам кітап бар, оның әрқайсысы



жүргізіп жатырмыз. Біріншіден, электронды кітаптар, аудиокітаптар қорын көбейтіп, оларды балаларға, жастарға, ересектерге арналған арнайы топтамаларын құру керек. Екіншіден, қоғаммен байланыс орнатуды жақсартамыз. Кітап клубтары, оқу марафондары, авторлармен кездесу, тренингтерді жиі ұйымдастыру жоспарлануда. Жылына 1500-ден астам оқырман тарту, 4 мыңға жуық келуші жинау және жыл сайын кемінде 120 мәдени-білім беру іс-шарасын ұйымдастыру күтіледі. Кітапханада бір мезетте 30 адамға дейін қызмет көрсетіледі. Барлық қызмет тегін: оқырмандар кітаптарды орнында оқи алады немесе үйге алып кете алады. Компьютерлермен жабдықталған мультимедиялық зал жұмыс істейді, интернет пен Wi-Fi да тегін. Бұл – жастар мен қала тұрғындары үшін үлкен мүмкіндік, – деді №11 көпшілік кітапхана басшысы Нұргүл Аманбекқызы.

Қазіргі заманауи кітапхана кітап мұрағатына айналған орын емес, білім, мәдениет, қарым-қатынас пен шығармашылық орталығы болуы керек. Нұргүл Аманбекқызының айтуынша, кітапханада 2026 жылға жаңа жылдан бастап үлкен жоба өз жұмысын бастамақ. Бүгінде 6-7 жастағы балаларға арналған «Жылдам оқу» үйірмесі аптасына бір рет өтеді. Айына бір рет әжелер мен 10 жасқа дейінгі балаларға «Ертегі мен өрнек» атты шығармашылық терапиялық клуб өткізілу жоспарда бар.

– Неге шығармашылық терапиялық десеніз, бұл клубта әжелер өздерінің өнегелі әңгімелерін, ертегілерін айта отырып балаларға колонер бұйымдарымен кесте тігу, жүн түтіп ұршық иіру, шашақ жасау, кілем тоқу секілді ұмыт болып бара жатқан дәстүрімізді жаңғырту мақса-

Елорда ЖАҢА



Биыл елордада ашылған су жаңа үш кітапхананың бірі – «Бағыстан» тұрғын үй кешенінде заманауи кітапхана. Бұл руханият ордасы Конституцияның 30 жылдығына орай ашылған. Кітапхананың жалпы аумағы шамамен 150 шаршы метрді құрайды. Кітапханада төрт қызметкер жұмыс істейді. Кеңістік «абонемент», мультимедиялық және оқу залдарына ыңғайлы түрде бөлінген.



ханасы және Ш.Қосшығұлұлы көшесіндегі №8 көпшілік кітапхана.

Биыл да игі істер жалғасын тауып, оқырмандар қуанышын еселейтін үш жаңа кітапхана ашылды. Сарайшық ауданында №7 балалар кітапханасы, Есіл ауданында №11 көпшілік кітапхана, Байқоңыр ауданында жаңа №13 көпшілік кітапхана білім мен мәдениеттің нағыз орталығына айналмақ. Сонымен қатар биыл тағы 3 кітапхана ғимараты жаңғыртудан өтті. Нәтижесінде, бүгінде Астанадағы кітапханалар саны 25-ке жетті, яғни қалада 7 жаңа кітапхана бой көтеріп, 40-қа жуық жас маман жұмыспен қамтылды. Сонымен қатар оқырман саны 90 мың адамға дейін өсті, қала тұрғындарының оқуға деген қызығушылығы айтарлықтай артты.

Ерекше атап өтерлігі, кітапхана кеңістігінің жаңғыруы оқырман мәдениетін де өзгертті. Мұнда келушілер тек кітап

оқырманға жаңа ой мен жаңалық сыйлауға бағытталған.

Жаңа кітапхана аудан және орыс тілдеріндегі бай кітап қорын пайдалануға, оқу залдарында уақыт өткізуге, әдеби кештерге, шығармашылық кездесулер мен түрлі жастағы оқырмандарға арналған білім беру жобаларына қатысуға мүмкіндік беретін заманауи мәдени-ағартушылық орталыққа айналады.

– Кітапхана заман талабына сай болуы үшін бірқатар бағыттармен кешенді түрде жұмыс



тында осы жобаларды қолға алып отырмыз, – деді ол.

Астана қаласы әкімдігінің «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің» қатарына енген №11 көпшілік кітапханасының негізгі қызмет бағыттарына кітап оқуды ілгерілету, шығармашылық клубтар мен үйірмелер ұйымдастыру, отбасылық оқуды қолдау және Қазақстанның ұлттық мәдениеті мен тарихына арналған іс-шаралар өткізу кіреді. Кітапхана орналасқан мекенжайда шамамен 5 мың адам тұрады. Шағынауданда 8 тұрғын үй және Е-117, ТМ-7 атты екі көше орналасқан. Сондай-ақ №108 жайлы мектебі бар, бұл балалар мен жасөспірімдерді кітапхана іс-шараларына тартуға және оқырман аудиториясын қалыптастыруға қолайлы жағдай жасайды.

Жуырда CEOWORLD және Ranking.kz жариялаған жаһандық рейтинг деректері Қазақстанның оқырман белсенділігі өте төмен екенін көрсетті. Ranking.kz дерегіне, қазақстан-

дықтар жылына бар болғаны 65 сағат, яғни аптасына 1 сағаттан сәл ғана артық уақытын кітап оқуға жұмсайды. №11 көпшілік кітапхана басшысы Нұргүл Аманбекқызы кітапханалардың жаңа үлгіде ашылуы оқырманды тартып, кітап оқуға баулиды. Осылайша, еліміз соңғы көрсеткішті өзгертіп, кітап оқитын елдер арасында көшбасшы қатардан орын ала алады.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ

Республика күні қарсаңында қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесіне қарасты тағы бір кітапхана ашылды. Ол – №7 жаңа балалар кітапханасы. Жаңа кітапхана Сарайшық ауданында, А-91 көшесі, 17-үй мекенжайында орналасқан. Жаңа кітапхана заманауи оқу залымен, интерактивті және коуоркинг-аймақтармен жабдықталған. Кітап қоры көркем әдебиет, анықтамалық, энцикло-

ЖАНАЗЫҚ

20 ЖЕЛТОҚСАН 2025 | СЕНБІ

педиялық және шетелдік әдебиетті қамтиды. Кітапхана директоры Кенжегүл Абдикаримова кітапхананы жастар үшін тартымды, қызықты ету арқылы оларды кітап оқуға баулу керек екенін айтады. Сөзінше, кітапхана ішінен кітап авторларымен, ғалымдармен сұхбат жүргізу сияқты жобалар жүзеге асырылмақ. Сондай-ақ №7 балалар кітапханасында тегін еріктілер жүргізетін сурет салу және мойыншақ тоқу (бисер) үйірмесі жұмысын бастап кеткен.

— Кітапхананы заманауи, сапалы және оқырманды баурап алатын туындылармен толтыру үшін

ныс орталарының бірі болып саналады. Сонымен қатар жаңа кітапхананың ашылуы қоғамдағы оқуға деген қызығушылықты арттырып, жастар арасында білім мен танымды насихаттаудың тиімді жолының бірі саналады.

«Біздің кітапхана — ақпарат пен білімнің нақты көзі. Мұнда оқушылар мен студенттерге, сондай-ақ мұғалімдерге оқу барысында көмек көрсетіліп, қажетті ресурстарға қол жеткізуге мүмкіндік бар. Біз үшін рухани тәрбие де маңызды: ұлттық құндылықтарды насихаттау арқылы жас ұрпақтың мәдени санасын қалыптастыруға күш саламыз.



кітапхана — жаңа идеялардың тоғысқан орны. Алда бізді оқырмандармен бірге үлкен шабыт, жаңа жобалар мен жарқын жетістіктер күтіп тұрғаны сөзсіз, — деді Әйгерім Қауазқызы.

Әлеуметтік маңызы бар алаң ретінде кітапхана әртүрлі буын өкілдерін бір арнаға тоғыстырады. Мұнда ұйымдастырылатын әдеби кездесулер, ашық талқылаулар мен шығармашылық жобалар қоғамдық байланыстарды нығайтып, ортақ құндылықтарды дамытуға жол ашады. Осындай бастамалар арқылы кітапхана қаланың мәдени өміріне белсенді араласып, жаңа идеялар мен тың бастамалардың жүзеге асуына ықпал етеді.

Астанадағы кітапханалардың жаңғыртылуы — білім мен мәдениеттің дамуына, жастардың интеллектуалды дамуына жасалған айрықша қадам. Оқырмандар үшін заманауи орталықтарға айналған кітапханалар оқу мен ізденіс үшін сенімді әрі ыңғайлы алаңға айналып отыр. Әрі бұл қоғамның кітап оқу мәдениетін қалыптастырып, қызығушылығын арттыруға ықпал етеді. Айта кетейік, соңғы жылдары Қазақстанда кітап оқуға деген қызығушылық айтарлықтай артып келеді. Ел аумағындағы кітапханалар рекордтық келушілер санын тіркеп жатыр. Жыл басынан бері кітапханаларды аралаған оқырмандар саны 37 миллион адамға жеткен. Тек соңғы бір айдың өзінде Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына шамамен 13 мың адам келген. Келушілердің ең белсенді бөлігі — 17-25 жас аралығындағы жастар, сондай-ақ 45 жастан асқан 2 мыңға жуық адам кітапхана қызметін пайдаланса, 3 мыңға жуық азамат кітапханаға алғаш рет тіркеліпті. Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сүйенсек, былтыр өңірлік бөліністе кітапханаларға барушылардың басым бөлігі Алматы қаласы — 5581,5 мың келуші, Солтүстік Қазақстан — 4512,4 мың келуші, Түркістан — 4083,7 мың келуші және Ақмола 3722,2 мың келуші облыстарында байқалған. Мамандардың айтуынша, оқырмандар арасында қазақ және әлем тілдеріндегі классикалық әрі көркем әдебиет сұранысқа ие. Көбіне романдар, повестер мен поэзия тандалады. Соңғы айларда қазақ классикасына және ұлттық философиялық әдебиетке деген қызығушылықтың артқаны байқалады.

Кітапханалардың көптеп ашылуы қаланың білім мен мәдениет саласын дамытуға, жастардың оқуға деген қызығушылығын арттыруға бағытталған маңызды қадам болып отыр. Оқырмандар енді жаңа кітапхананы шығармашылыққа шабыт беретін орталық ретінде пайдалана алады.

Кітапханаларының ТЫНЫСЫ



Қазақстанның кітап нарығындағы бірнеше бағыттағы жетекші баспалармен серіктес болған тиімді. Әлемдік бестселлерлерді, әлемдік деңгейдегі танымал туындыларды Sterre&WORLD сияқты баспалар қазақ тіліне тікелей аударумен айналысады. Дизайны мен сапасы өте жоғары. Осындай туындылар кітап қорының қатарынан жай тапқан. Кітапханаға жас оқырмандарды тарту үшін балалар әдебиеті мен комикстерді көбірек ұсыну өте маңызды. Қазақ әдебиетінің классикалық мұрасын сапалы басып шығаратын «Атамұра», «Фолиант» сынды баспалармен жұмыс істеген дұрыс болады деп ойлаймын. Біздің кітапханаларымызда Қазақстанда шығатын баспалармен және басқа мемлекеттік баспалардан шығатын кітаптар бар. Кітапханалар — ұлттың рухани тірегі, ал біз жас буын — соны жалғастырушылар, — деді №7 жаңа балалар кітапханасының директоры К.Абдикаримова.

Жаңа кітапханалар кітап қоры бар орыннан бөлек, қала тұрғындары үшін білім мен ақпаратқа қолжетімділікті арттыратын, шығармашылықты дамытатын заманауи орталыққа айналды. Кітапхана әр жастағы адамдар үшін мәдени, интеллектуалдық және әлеуметтік байла-

Сонымен қатар кітапханада шығармашылық орта қалыптасты. Әртүрлі үйірме, кездесулер мен мәдени іс-шаралар оқырмандарға өзін-өзі көрсетуге және жаңа дағдыларға ие болуға жол ашады. Цифрлық сауаттылыққа ерекше мән береміз. Мәселен, электронды ресурстармен жұмыс істеу арқылы оқырмандар ақпараттық технологияларды тиімді пайдалана алады. Ал қоғамдық кеңістік ретінде біздің залымыз кездесулер, пікір алмасу және мәдени шараларды өткізуге ыңғайлы орын болып саналады», — деді кітапхана директоры.

Есігі айқара ашық кітапхананың тұрақты оқырманы да бар. Креатив клуб болғандықтан, кейбір қала тұрғындары күнделікті табан тірейтін орнына айналдырыпты. Солардың бірі — 6-сынып оқушысы Ділназ Русланқызы. Ол кітап қорының алуантүрлігімен қатар, кітапханашылардың да қызметін жоғары бағалайды. Мұнда кітапханашылардың қызметі іздеген кітапты тауып берумен шектелмейді, талғамыңызға сәйкес жазылған кітап жанрларын ұсына алады.

— Жаңа кітапханадағы тыныштық, сөрелердегі кітаптардың иісі мені бірден баурады. Кітаптан бөлек, кітапхананың тыныш ауасы өз ауылымды еске

түсіреді, бала кезімнің естеліктерін әлсін-әлсін ойға салады. Осы сәттер мен үшін нағыз бақыт пен шабыт болды. Қаламызда кітапхананың ашылып жатқанына қуаныштымын. Өйткені, бұрын бізге жақын кітапхана болмады. Ал енді дәл үйіміздің жанынан ашылыпты. Бұл кітапхана балалардың білімін арттыру үшін, сауатын ашу үшін таптырмас мүмкіндік болды. Бауырларымды да ерте жастан оқуға баулуға болады, — деді қала тұрғыны Д.Русланқызы.

ЖАҢА ИДЕЯЛАРДЫҢ ТОҒЫСҚАН ОРНЫ

Жаңа №13 көпшілік кітапхананың басты мақсаты — оқырмандарға мәдени-ағартушылық, ақпараттық және білім беру қызметтерін заманауи талаптарға сай ұсыну. Кітапхана оқырман мен кітап арасындағы байланысты нығайтып қана қоймай, қоғамдағы зияткерлік әлеуеттің артуына үлес қосатын маңызды мәдени кеңістік ретінде қалыптасып келеді. «Біз қоғам мүшелерінің рухани дамуына үлес қоса отырып, кітап оқуды насихаттауды, сондай-ақ шығарма-

Жаңа кітапханадағы тыныштық, сөрелердегі кітаптардың иісі мені бірден баурады. Кітаптан бөлек, кітапхананың тыныш ауасы өз ауылымды еске түсіреді, бала кезімнің естеліктерін әлсін-әлсін ойға салады. Осы сәттер мен үшін нағыз бақыт пен шабыт болды. Қаламызда кітапхананың ашылып жатқанына қуаныштымын.

шылық пен білім алмасу үшін қолайлы орта қалыптастыруды көздейміз», — дейді кітапхана директоры Әйгерім Қауазқызы. Бұл кітапхананың оқырман үшін негізгі құндылығы — қолжетімділігінде. Яғни, барлық оқырманға тең қызмет көрсетіледі әрі креативті адамдарды біріктіріп, бір ортаға жинайды.

— Кітапхананың негізгі бағыты — оқырман қауымдастығын дамыту. Оның ішінде кітап клубтары, психологиялық курстар және басқа да клубтар жұмыс істейді. Кітап клубтарында әдебиеттерді бірге талқылаймыз, жаңа авторлармен, жаңа идеямен танысамыз. Айта кету керек, ағылшын тілінде еркін сөйлеуді дамытатын SPEAKING CLUB бар. Бір сөзбен айтқанда, біздің



«Күлкінің жеңбейтін
дұшпаны жоқ».
Бауыржан Момышұлы

«АРА» — ара болады,
шаққан жері жара болады».
Оспанхан Дүбәніров

«Күле білу — өмір,
күлдіре білу — өнер,
күлкі болу — өлім».
Сейіт Ненжеахметұлы

АРА



20.12.2025ж

«Айқынның»
сатиралық қосымшасы



АЯЗ АТАҒА ХАТ

(ӘЗІЛ ӘҢГІМЕ)

Жөкетай құрдасым жақсы жігіт. Жаман қасиеті — ойын көтермейді. Ауызы бұртиып, көзі айналып шыға келеді. Үндемей келіп абайсызда қауып алатын ауладағы байлаулы ит сияқты.

Бірақ өте сенгіш. Бала күнімізде құлыншақтай алысып өстік. Бірге жетілдік. Оның бір әдеті бар. Жаңа жыл мерекесі жақындаса, қолына ақ парақ пен қаламсап алып Аяз атаға бұрқыратып хат жазады. Ауылда ер жеткенше бұл әдетін тастаған жоқ. Жыл сайын велосипед сұрайды. Ақыры атасынан мүлдем жауап келмеді.

Әйтеуір, жазғыш. Қазір тек бас жазады. Ақыры ауылда қалды. Үйленді.

Соғымның науқаны басталғанда көзі жайнап жүреді. Құрдастарын жағалап қуырдақ жейді. Бүгін жүз грамды біраз сілтеп жіберді. Баяғы Аяз атасы есіне түсіп, еңкілдеп жылады. «Атам-ай» деп жасы елуге келген еркектің еңкілдеп өксігені жүрек ауыртады. Кредитін жоқтаған қазақтың әйелдері сияқты. Аянышты. Бөшкедей қатыны Мағрипамен сөзге келіп қалды.

— Аяз ата жоқ, — деді әйелі.

— Бар.

— Атаңның басы, бар болса қайда? Осы сен шалға сенуіңді қашан қоясың? — деп танауы бәйгеге қосатын тұлпардай таңқиып қалған Мағрипа құрдасымының үстіне секіріп мініп қылғындырды. Көршілері әрең айырды. Жұдырығы бокстан әлем чемпионы Тайсоннан асып түседі. Ұрғанын құлатады. Бұдан бастық біткен қашып жүреді. Өткенде балаға берілетін әлеуметтік жәрдемақыны даулап көшеге шыққанда он полицияның күші жетпей күшпенді. Содан Жөкетай масандық әсер етті ме, білмеймін, қолына қалам алып, келе жатқан Жаңа жыл мейрамына қарсы Аяз атасына хат жазды.

«Аса құрметті ақсақалды Аяз ата! Сізді құдамдай сыйлаймын. Қатты сенемін. Сізден басқа қазір сенетін шал қалмады. Бәрі алдайды. Алданып келеміз. Мен өзіңді бала күнімнен жақсы көремін. Маған 2026 жылы су жана, фигурасы «мощный» тоқал әкеліп берші. Біздің қатын тозды. Шаршадым. Әбден былшыып семіріп алды.

Сәлеммен Жөкетай», — депті. Хатты таң атпай әйелі тауып алды. Оқып шықты. Ұлы Отан соғысы басталып кетті.

— Ей, сүмелек, саған тоқал керек екен ғой, — деді Мағрипа ерні кезеріп.

— Қандай тоқал?

Жөкетай араққа тойып алып, түнде Аяз атаға хат жазғанын ұмытып тұр.

— Мына хатты сен емей мен жаздым ба? Бейшара, бұған қазір бала да сенбейді.

— Қатын, қойшы, Жаңа жыл келе жатыр, — деді басын ұстап. Бірдене бүлдіргені енді есіне түсті.

«Тоқал» деген сөзді естісе Мағрипаның төбе шашы тік тұрады.

— Жазғыш болсаң, Аяз атаңнан тоқал сұрағанша неге ауданға жаңа әкім, халыққа жаны ашитын депутаттар сұрамайсың? — деп үйден жалаңаяқ қуып шықты.

Жөкетай қазір суық сарайда дірілдеп, саусақтары бүрісіп, бірдене шимайлай бастады.

Бұл жолы хатты Аяз атасына емес, қайынатасына жазып жатыр...

Нұрлыбек ЖҰБАТҚАН,
Ақтөбе қаласы

ШЫРША

Шырақты шаһарының әкімі Шалғынбай Шадуаров орынтағында шалқасынан түсіп, шылым шегіп отыр. Бөлме көк түгін. Келген бағыныштылары түгіннен қанша қиналса да бастықтың алдында бүгежіктеп, леп шығара алмай тұншыға тыпырлайды.

Иә, түгел жиналдындар ма? — деп әкім отырғандарға көзілдірігінің астымен сүзетін сиырша сыздана қарады.

Жиналғандар жым болды. Әкім үстелді қаламымен тықылдатты.

Так, былай! Шақырғандағы себебім, Жаңа жыл да жақындап қалды. Мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының басшысы мерекеге кететін шығынды есептеп келіп отыр. Қане, соны тындаймыз, — деді әкім.

Басқарма басшысы қайдан әкелгені белгісіз, бәлкім, айдаң әкелді ме, сала құлаш тізімді жиналғандардың алдына жайып салды. Қысқасы, жаңа жылдық мерекеге 229 миллион теңге керек екен.

— Мынау тым көп қой. Бұл қаржыға жетім-жесірлерге пәтер әперейік те, босқа шашқанша, — деп қалды қою түгін арасынан біреу.

Бұл кім? Тұр, орнынан, — деп әкім зірк етті.

Қою түгін арасынан біреу созбаландап тұра бастады.

— Әй, сен бе, тағы да? Қашан көрсен де осылай бүйректен сирақ шығарып жүресің. Бүлдірмесен, бойыңа ас дарымай ма? Шық бөлмеден, — деп қала бюджетіне жаны ашыған қызметкерді тырқыратып қуып шықты.

— Қане, тағы кімде қандай ұсыныс бар?

— Менде, — деп бес орынбасарының бірі орнынан атып тұрды.

— Қане, сіз не дейсіз?

— Не дегенде «Абылайдың асында шаппағанда атаңның басында шабасың ба?» деген екен баяғыда біреу. Сол айтпақшы, ең ұлық мереке Жаңа жылда шашылмағанда қашан шашыламыз? Қала тұрғындары Сіздің жомарттығыңызға және бір рет куә болып, бір жырғап қалсын. Неғұрлым жылтырақ көбейген сайын халық солғұрлым еліктегіш болады. Көшелерді танымастай безендіреміз. Отшашу зеңбірек болып атылады, — деп орынбасары Елпекбай еліріп барып зорға тоқтады.

— Меніңше жолдас Шалғынбай Теңгешашарұлы, мерекеге қаржы тым аз бөлініп отыр. Қаламыз күн сайын ауқымын кең жайып келеді. Бірнеше ауданымыз бар. Сондықтан мереке мереке болуы үшін қаржыны аямау керек. «Мұрның барда бір сіңбір» деген екен бұрынғы бабаларымыз. Билік қолда тұрғанда біз де бір сілкініп қалайық, — деп тағы бір орынбасары Алдаберген Жағымпазұлы «осы айтқанымә басекен қалай қарайды екен?» дегендей бастығына қиыла қарады.

Міне, жөн сөз! Табылған ақыл! Ұлы мерекеден ештеңені аямау керек! — деп әкім екі орынбасарына ризашылық көңілмен сүйсіне қарады.

Бұдан соң талқылаудың қажеті болмай қалды. Отырғандар бірінің аузына бірі түкіргендей екі орынбасарды қоштап шықты.

Ендеше мерекеге жұмсалатын қаржы туралы құжатқа толықтырулар енгізіп, мәслихатқа ұсынайық, — деп әкім жиынды қорытты.

Мәслихаттағы майысқыштар әкімдік ұсынған мәліметке «мақұл?» десті. «Мақұл» демей не дейді, бүлкілдеп тұрса көмейі?

Мәслихат мақұлдаған соң не тұрыс бар? Қаржыны менгеруге тиіс мекеме іске қызу кірісіп кетті. Он миллион теңгеге бас шырша алынды. Дала сахнасының өзі отыз миллионға бағаланды. Көшелерді безендіру, сырттан әншілер алдыру, тағы басқа да шығындарға 229 миллион теңге жетпей қалды. Сосын

тағы да жиын өтіп, қосымша қаржы сұралды. Қазы-наның қыруар қаржысын аясын ба, сұралған қаржы тағы да босатылды. Мұзқала жасалды, жарықшамдар орнатылды, билбордтар ілінді.

Не керек, Жаңа жыл келеді деген түні аспан әлемі жарқырап тұрды. Бірақ қыруар қаржының текке кеткенін ойлап, жиналыстан қуылған қызметкер ғана қалтырап тұрды.

Бекер қалтырамапты. Балалардың жакқан балауыз шамының ұшқыны шыршаға түскені сол еді, алаулап жана бастады. Оттың тез тұтанғаны соншалық, мерекеге келгендер сасып қалды.

— Ойбай! Өрт сөндірушілерді шақырындар!

— Балаларды аулақ әкетіндер!

Жанды! Жанды!

Төңірек у-шуға толып кетті. Біреулер алаңды тастап безіп барады. Енді біреулер әкімнің көзіне түсіп қалғысы келіп, шыршаны курткаларымен сабалап жүр. Бірақ қарқын алған жалын оларға дес берер емес. Өрт сөндірушілер келгенде бойы теректей алып шырша күлге айналып, сұлап жатты.

Қайран, босқа кеткен миллиондар-ай! Бүйтіп жаңа жыл өткізгенше сол қаржыны жарлы-жақыбайларға бөліп бермеді ме? — деп Алдар Көсе ағамыз бір бұрышта жылап тұрды.

Арада бірер күн өткенде әкім бағыныштыларын тағы да жинап алды. Оларды Жаңа жылмен құттықтауды ұмытқан жоқ, әрине. Мерекеге мықты дайындық жасаған мырзаларды марапаттауды да естен шығармады.

Енді алдағы Наурыз мерекесін де осындай етіп өткізсек, — деп қалды жаңа жыл қарсаңында жиналыстан қуылған Салқынбек тағы да елгезектік танытып.

Әкім оған аларып қарады. Жеп жіберердей сұсты. Сұлтан мойнын ішіне тартып, момақан бола қалды. Наурыз мерекесі қазақы салттардың бірі ғой. Жұрт бауырсақ, токаш, басқа да тәттілер пісіріп, бас үйітіп, бірдене етіп өткізе салады. Ұлттық спорт ойындарға аздап көңіл бөлейік. Халық осыған да разы болады, — деп түйіндеді әкім сөзін.

Жиналғандар жым-жырт тарады. Олардың көз алдында отшашулармен қабаттасып жанған шырша кетпей тұр еді.

Сабырбек ОЛЖАБАЙ



ВИРУС

Жаз. Түнгі ашық аспан. Жымың қаққан жұлдыздар. Далада сәкінің үстінде шалқаннан жатырмын. Жұмыс жоқ. Рақат. Бір кезде аспаннан төменге қарай бір комета жерге қарай зуылдап келеді. Тарс етіп төбеде жарылды. Ауданның жарығы өшіп қалды. Тура фантастикалық кинодағыдай болды. Ойланyp жатып ұйықтап кетіппін. Таңертең көшеде біреу айқайлап өлең айтып жүр, оянып кеттім.

— Кімде үй жоқ, үй беремін, халайық, кімнің баспанасы жоқ, тез менің кабинетіме келіндер, — дейді. Жүгіріп қақпадан шықтым. Жүзі таныс, сөйтсем, аудандық тұрғын үймен қамту бөлімінің бастығы Қошан екен.

— Ассалаумағалейкум, аға!
— Уағалейкумассалам, айналайын, үй керек пе?

— Үй, әрине. Бірақ мен кезекке тұрмаған едім.

— Кезектің түкке керегі жоқ, маған кабинетіме кел, жүр, — деп қолымнан шап беріп жетектеп жұмыс орнына апарды да, тартпасынан бір бума кілттің ішінен екі бөлмелі пәтердің кілтін ұстап салды. Мынау өнім бе, түсім бе? Содан сыртқа шыға беріп едім, ауданның әкімі Талтаңбай алдымнан ербең етіп шыға келді.

— О, қалайсың бауырым? — деп әкім кең құшағын жайды.

— Жаксы шүкірмін, — дедім күбірлеп. Былтыр қабылдауына барғанымда көзінің қиығын да салмап еді. Тап қазір мені құшақтап, бетімнен сүйіп алғысы келіп тұр. Түсі жылы. Жүзі жарқын.

— Саған жұмыс керек пе?
— Неге? А, қалайша?
— Қызметің бар ма?

— Қайдан болсын, аяқты аспанға көтеріп үйде алаңсыз жатқанымалты ай болды. Сіз мені біреумен шатастырып тұрған жоқсыз ба?

— Жок, — деді де әкім кабинетіне апарды. Мен аң-таңмын. Бұларға бірдене болған ба? Жынды дейін десем, түрлері әп-әсем. Беттері шырайлы.

— Саған өзі қандай қызмет ұнайды? — деді арқамнан қағып. Шынымды айтсам, арқам жыбырлап қышып кетті. Не айтарымды білмедім.

— Әйтеуір, жан бағатын жұмыс болса болды ғой, — дедім.

— Жарайды, таңертең келерсің. Бір үлкен мекемеге басшы боласың.

— Сізге не дерімді білмей тұрмын.

— Ештеңе де керек емес, қызметпен бірге әйелімнің атындағы мейрамханамды да саған беремін, әкімдер халықты алдамайды, — деді. Екі көзім бадырайып, аузым ашылып мыштай боп қалдым.

— Рақмет, — деп кабинетінен қуанып шықтым. Аяқ астынан пәтерлі, жұмысты болдым. Мейрамхана туралы үш ұйықтасам да түсіме кірмейтін еді. Енді қуанышым ішіме сыймай барады. Көшеде адам толып жүр. Бәрі бір-бірін құшақтап, ілтипат көрсетіп мәз. Қалалық емхананың бас дәрігері аузы апандай Топан халыққа қымбат дәрілерін тегін үлестіріп жатыр. Бір кезде біреу арқамнан қақты. Аудандағы атақты бизнесмен Тонбай екен.

— Осы саған ақша керек пе?

— Несиеге ме?

— Жок.

— Қанша пайызға?

— Жок, тегін.

— Тегіні қалай?

— Менде ақша пішен, теңге керек пе, доллар керек пе, өзін танда.

— Ааа, рас айтасыз ба?

— Әрине, көңілің қанша қалап тұр?

— Өзіңіз біліңіз.

— Жарайды, мә, ала ғой, — деп бір бума көк қағазды қойныма тығып жіберді. Тұла бойым шым ете қалды. Шыныммен де, бұл қалай? Адамдар қуып кетті ме?

— Қаражат керек болса, келіп тұр, — деді Тонбай. Бір күнде басым бақ қонды. Жан-жағыма карасам, басқа халық та жұмыс пен қаражатқа қарық болып жатыр. Үйге

жакындап қалып едім, алдымнан бес әйелі бар банк директоры Сәлімбай шыға келді. Көзі адал, бетінен нұр тамып тұр.

— О, айналайын, амансың ба? Қайда асығып барасың?

— Үйге.

— Саған бір әйелімді берсем бола ма?

— Ойбай аға, рақмет, үйдегі бір қатынға ие болсам, сол да жетеді ғой.

— Артық болмайды.

— Жок, аға, рақмет, — деп әрең қашып құтылдым. Көшенің арғы бетінде жеті баласы бар Жоньшгүл жеңгем мәз. Оған бір бай коттеджін сыйлапты. Қара жаяу жүрген етікші Қоңқыш астына джип мініп шалқайып кетіп барады. Сонымен, бір күнде ауданның тұрғындары байып, жағдайлары елу жылға түзеліп кетті. Айтпақшы, қыста қар сұрасан жоқ дейтін дүкенші көршім үйге бір қап ұн мен бір қап құмшекер әкеліп тастапты. Әліме қарамай мен де біреуге бірдене бергім келіп барады. Әншейінде «үйде түк жоқ» дейтін әйелім соғымнан қалған сүр етті асып, көшеде таратып жүр. Сөйтсем, мұның бәріне түнде аспанда жарылған кометаның әсері екен. Комета айдың арғы бетінен жұқпалы вирус әкеліпті. Әйтеуір, «Эбола», «Зомби» секілді қауіпті емес. Аузыңнан ақ көбік ағып, көзің қызармайды. Адамды аккөңіл, ақжарқын ететін вирус. Бұл дертті жұқтырған адам ешкімнің жұмысына араласып, аяғынан шалмайды. Қызғаныш, тойымсыздық, көреалмаушылық қасиеттер адам ағзасынан бірден жойылады. Әзірге ешқандай емі жоқ көрінеді. Болмағаны да дұрыс. Индет дем арасында барлық қазақ жеріне тарап кетіпті. Вирус, әсіресе жоғарыда шалқайып отырған мекеме басшылары мен шіріген байларға тезірек жұкса екен деп қара халық құдайдан тілеп отыр...

Н. ЖҰБАТҚАН

СІЗ СЕНЕСІЗ БЕ?

(САТИРА)

Теледидарда кешкі жаңалықтардан «Есекті тышқан теуіп өлтіріпті» деп таңғаларлық оқиға туралы хабар таратып жатыр екен. Мен үзілді-кесілді сенбеймін дедім. Үйдегілер қарсы болып өре түрегелді.

Шешем:

— Балам, теледидардан айтса рас қой. Олар өтірік айтпайды.

— Жок, сене алмаймын.

— Шырағым, сене салшы. Онда тұрған не бар? — деді жалынып.

— Апа, қинаманызшы...

Ертеңіне әлеуметтік желіге «Есекті тышқан теуіп мерт қылыпты» деген жаңалықты сынап көлемді мақала жаздым.

Үйге екі полиция сау ете қалды.

— Сізді бөлімшеге шақырып жатыр.

— Маған айтып тұрсыз ба?

— Жок, әлгі арам қатқыр есекті айтамын. Басыма пәле болды ғой.

— Қазір сізбен аудандық прокурор сөйлеседі, — деді.

Келістім. Он минуттан соң ол келді.

— Аға, амансыз ба?

— Аман болған соң сенің алдында отырмын.

— Не себепті полиция бөліміне келгеніңізді білесіз ғой.

— Әрине, тойынған тышқан момын есекті бір теуіп өлтіріпті.

— Өте дұрыс, аға.

— Бәрібір сене алмай тұрмын.

— Сенсеніз, қазір босатамыз. Содан екі сағат ойландым.

Сене алар емеспін. Телефоным шыр ете қалды. Бастығым екен.

— Әлеу, сізге не болған?

— Ештеңе болған жоқ.



— Не үшін?

— Өте құпия, — деді.

Занға бағынатын адамның сортынан едім, межелі мерзімде желкідеп жетіп бардым.

— Сіз елге тарап жатқан жаңалыққа неге күмән келтіресіз? — деді тергеуші.

— Қандай жаңалық?

— Тышқанның есекті қақ маңдайдан теуіп мерт қылғанын айтамын.

— Мәссаған, сол үшін бе? — деп тарқылап күліп жібердім.

— Неге күлдіңіз? — деді

— Жок, мен оған сенбеймін.

— Сіз өзіңіз сенбесеңіз де біреулердің сеніміне күдік тудырып отырсыз, сол үшін жауапқа тартыласыз, — деді.

— Егер тышқанды есек тепсе сенер едім.

— Жок, сенуге тиістісіз.

— Сенбеймін.

— Олай болса он бес күнге қамаласыз, — деп бетіме бажырайып қарады.

— Есек...

— Енді қайдағы бір өлген есекке бола тұрмеге отырсыз ба? Елдің бәрі сеніп жатыр.

— Сене берсін, ал бәсеке, сіз ше?

— Мені білесің ғой, сен сенбесең, маған қиын болып тұр, — деді жыламсырап.

Жағдайы түсінікті болды. Телефоныма WhatsApp арқылы «Қалай болғанда да сеніңіз», «Сенбейтін сен кім едің?», «Ей, жазушысымақ, не бұлдіріп жүрсін? Елдің бәрі сеніп жатыр» деген сияқты хабарламалар толып келіп жатыр.

Бастығым да жазып жіберіпті: «Өлген есек өлді. Ол тірілмейді. Егер сенем десен, айлығыңды өсіремін» депті. Қарыздан қысылып жүр едім, «Сенем!» деп айқайлап жібердім.

Полиция қызметкерлері қол шапалақтады. Бейнежазба арқылы халықтың сеніміне селкеу келтіргенім үшін кешірім сұрадым...

Нұрлыбек ЖҰБАТҚАН

КҮЛКІ
КЕРУЕНІ

ЖАТЫНАТАР ЖАҢЫЛТПАН

Ап жемейтін,
Аңы шоптің
Шыққанынан,
Шықпағаны жақсы ма?
Шықпағанынан
Шыққаны жақсы ма?

Домбай мен Омбай
Дойбы ойнады.
Омбай оңбай ұтылып,
Ойбайлады.

Ойбайлаған
Омбайға
Домбай қой-қойлады.

Ауым-сауым,
Ұйна-тұйна,
Салдыр-салақ,
Бұл кім?
Кеп тұр күкім.

Жып-жынақы,
Тап-таза,

Түн-түзу.
Бұл кім?
Ұқыпты болуға ұқтыла!

Мамам
Банап берді.
Бананды маған бермей,
Оған берді.
Оған бермесе,
Ойбайлап дау іздейді.
Банаптың қазақшасын
«Мәуі» дейді.

Табынмнан
Тік тұрдым.
Ботқаны отқа қойып
Бұқтырдым.
Бұқтырып қойған ботқам
Бытбырық боп,
Түбі күйді.
Әбігерге түсіп
Әрі-бері жүрді де,
Дәрігерге
«Дәрі бер!» деді.
Дәрігер дәрі беріп,
Бәрін емдеді.



ЗЕРДЕ

20 ЖЕЛТОҚСАН 2025 | СЕНБІ



(Басы 1-бетте)

Қазір ғалымдар назары 3i/Atlas кометасына ауды. Кейбір ғалымдар оны бөгіде ғаламшарлық кеме болуы мүмкін деп болжайды. Сіз қалай ойлайсыз?

3i/Atlas кометасының «Wow» эффектісіне ие болу себебі - Күн жүйесінен тыс, яғни Галактиканың басқа аймағынан келген нысан болып табылғандықтан. Бұл сондай тыс нысандардың бізге мәлім 3-шісі. Оның орбиталық траекториясы өте сығылғын, яғни гиперболалық орбитамен қозғалып жүр. Күнге жақын-дағанда бойындағы шаң-тозанды бұлт қызып, өртеніп, жарық шығара бастады. Әрі оның пішіні де сығылғын сопақша болып келеді. Бәрінің назарына іліккен бұл кометадан Жерге ешқандай қауіп жоқ, ал өзінен шығарып жатқан радиосигнал - ол кез-келген дене шығаратын сигнал. Оған қоса, ғалымдар оның комета екенін және өзге ғаламшарлықтар емес екенін алға тартып дәлелдеп отыр.

— Қазір адамзат Марсқа, Айға қоныстану туралы жиі айтып жүр. Жалпы, жерден басқа планетада тіршілік етуге бола ма? Ғылым бұл жайлы не дәлелдеді?

— Қазір қысқа немесе ұзақ мерзімге Марсқа немесе Айға қоныстану мүмкін емес. Бірақ теориялық тұрғыда барлығы мүмкін. Дегенмен ол жақта радиация, энергия, мүлдем басқа қоршаған орта бар. Тамақтану да қиындық тудырады. Онымен қоса, гравитация бар. Айталық, Айда адам Жерге қарағанда өзін 10 есе жеңіл сезінеді. Ал Марста бұл көрсеткіш шамамен 3 есе. Демек, Марстағы адам өзін қазіргі күйінен жеңіл сезінеді. Бұл денсаулығына зиян. Сондықтан стратегия бойынша, ол жаққа роботтарды әртүрлі миссиямен жіберу қажет. Олар сол жақта пайдаланатын ресурстар, шипажай жасап қойса ғана адамның ол жақта тұруына мүмкіндік ашылады. Ал қазір адам Марсқа барғанымен, ештеңе жасай алмайды. Отарлауды бастап кетуге ешқандай мүмкіндігіміз жоқ.

— Жерге ұқсас планеталар жайлы не айтасыз?

— Жерге ұқсас ғаламшарларды бірнеше типке бөліп қарастырамыз.

Атап айтсақ, радиусы, массасы, қатты қабығының болуы, ауа және goldilocks. Яғни, goldilocks дегеніміз «Алтын-шаш» ертегісіндегідей. Жылудың не аз, не көп емес жеткілікті болуы. Ол планетада судың болуы міндетті. Қазіргі бақылауларға сүйенсек, Джеймс Уэбб телескобы жана планеталарды тауып жатыр. Оның ішінде жерге ұқсас ғаламшарлар да бар. Бірақ оларға ұшып баруға біздің өміріміз жетпейді. Олардың спектрін, биосигнатурасын зерттеген кезде саналы тіршіліктің бар екеніне дәлел жоқ. Бірақ қандай да бір газдардың бар екені теориялық түрде дәлелденіп жатыр. Сондықтан ол жақта тіршілік бар деп айта алмаймыз.

— Ғарышты зерттеуге жасанды интеллект қаншалықты үлес қоса алады және қай ел ғарышты зерттеуде алда?

— Жасанды интеллект астрономияда жақсы қолданылады. Тіпті, жасанды интеллектке керек супер компьютерді астрономияда бірінші қолданған. Ол дегеніміз, астрономиялық есептерді шығару үшін компьютерді бір-біріне паралельді жалғап, бір есепті бірнеше компьютер қосылып тезірек шығарған. Яғни, ақпаратты тезірек қорытуға болады. Қазір жасанды интеллект серверлі компьютерлермен құрылып, дамып жатыр. Астрономияда жасанды интеллект кең ауқымда қолданылады. Өйткені бір түннің өзінде қаншама жұлдыздан келетін суреттер, мәліметтер негізінде арнайы қор құрылады. Бір айда, бір жылда дәл осындай қаншама қор болатынын ойлап көріңізші. Мұның бәрі шикі мәліметтер. Оны өңдеу үшін бір механизмді мың рет істеуге тура келеді. Міне, осы жағдайды жасанды интеллектке бір рет көрсетіп, әрі қарай дайын талдауларға оңай қол жеткізуге болады. Big Data-ны ЖИ өте жақсы талдайды. Көптеген миссияны іздеуге, басқа ғаламшарларды қарауға, олардың біз көрмеген тұстарын байқайтын шығар деген үмітпен ЖИ пайдаланылып та жатыр. Аспан әлеміндегі жұлдыздардың «қайсысы жұлдыздық шоғырға жатады?» деген сұраққа жауап алу үшін біз де ЖИ-ді пайдаланып көрдік. Сол мақаламыз жарық көрді. Ал ғарыш

Мұхағали ҚАЛАМБАЙ,
астрофизик:

ӨЗГЕ ҒАЛАМШАРЛАРҒА БАРУҒА ҒҰМЫРЫМЫЗ ЖЕТПЕЙДІ

әлемін зерттеуде Америка, Қытай, Еуропа, Үндістан елдері алда.

— Ғарышты зерттеу арқылы адамзат қандай жаңалық немесе өнертабыс ойлап тапты?

— Ғарышты зерттеу арқылы адамзат көптеген өнертабысқа қол жеткізді. NASA-ның сайтында адамзат қолданып жатқан осы технологиялардың тізімі тұр. Мысалы, олардың қатарында күнделікті қолданып жүрген GPS карта, навигатор бар. Бұл аспанға қарап, жұлдыздарды бақылау арқылы ашылған жаңалық. Қазір «геолокация» жібердім. 2Гис қосып қой» деп жиі айтамыз. Мұның бәрі астрономиядан келген, адамзаттың өміріне сіңісіп кеткен жаңалықтар. Джеймс Уэбб телескобын шығару үшін айнаны нанометрлік деңгейге дейін тегістеу керек болды. Сол үшін лазерлі ажарлайтын (тегістейтін) арнайы технология ойлап табылды. Джеймс Уэбб өз дегеніне жеткеннен кейін қалған технология адам көзіне коррекция жасауға қолданылды. Одан бөлек, қарақұрдымдарды зерттеуге арналған технологиядан, WiFi ойлап табылды. Ол басқа сигналдарды шегеріп, керекті сигналды ғана алатын технологияның жемісі. Адамзат WiFi-ді белсенді қолданып жатыр. Онымен қоса, астрономияда біз қолымызбен ұстап, мұрнымызбен иіскеп көре алмағандықтан, суреттерге қарап анализ жасауды үйрендік. Сол әдіс-тәсілдер қазір медицинада қолданылады. Дәрігер әртүрлі суретті көріп, сол арқылы диагноз қоя алады. МРТ-ның өзі астрономиядан келген өнертабыс.

— Қазақтың аспанға қатысты байырғы түсініктері (Жетіқаракшы, Үркер, Темірқазық) қазіргі астрофизикамен қаншалықты сәйкес келеді?

— Түбегейлі сәйкес деп айта алмаймыз. Дегенмен ол кезде бізгідей дереккорларды жинайтын қор болған жоқ. Қазақтар балаларына қызық болу үшін аспан әлемі туралы әртүрлі аңыз бен ертегіні ойдан шығарған. Олар астрофизикамен дәлелденген жоқ. Бірақ көшпенді халықтар аспанға қарап навигация жасаған. Баратын жағын да, уақытты да аспанға қарап анықтаған. Осылайша, көшпенді елдің аспанға деген қызығушылығы күнделікті өмірде пайдаға жараған. Аспан денелеріне, Айға қарап ауа райын да болжаған. Ай дегеніміз — жауын-шашынды, бұлттарды, былайша айтқанда, жер бетіндегі суларды айналдырып отыратын объект. Сондықтан айдың туу түріне қарап, жорамал жасаған. Ал Темірқазық жұлдызы,



шынымен де қазық сияқты бір орында тұрған жұлдыз.

Солтүстік жарты шардағы жұлдыздың барлығы соны айналады. Сондықтан «Темір-қазықтың» атауын қазақ біліп, даналықпен қойған. Басқа елдерде оны «полярная звезда, северная звезда» деп атап кеткен. Ал «Темірқазық» атауы тек қазақтарда ғана бар. «Жетіқаракшының» да атауы дәл қойылған. Бірақ ол үлкен аюдың жұлдыздарының қатарына жатады. Сондықтан көне атаудың бәрі мифтік емес. Бақылаумен, аспанды қараумен қойылған.

— Жерді астероидтардан қорғау жүйелері қандай, қауіп деңгейі қаншалықты?

— Астероидтарды тілсіз жау деп айтсақ болады. Өйткені біз кометаларды жерге жақындап келе жатқанда ғана бақылай аламыз. Ал алыстағы кометаны біз бірден бақылай алмаймыз. Ол қызып, ішінен жарық көрінгенде ғана бақылай аламыз. Ал суық, қара тас кезінде көрінбейді. Бірақ бізде табиғи қалқандар бар. Юпитер өзінің гравитациясымен тыс жақтан келе жатқан астероидтарды өзіне тартып алып немесе траекториясын өзгерте алады. Одан кейін Марс, Ай бар. Ең соңында Жер атмосферасы бар. Атмосфераға жүйелі түрде тастар кіріп отырады, олар аспанда жұлдыз сияқты жарқ етіп ағады. Бізде арнайы «Астероид күні» деген халықаралық ұйым бар. Ол жерде ғалымдар ғана емес, ғарыш әлеміне қызығатын қарапайым әуесқойлар да сол ұйымға мүше. Олар аспан ашық болған кезде ғарышты бақылап келе жатқан астероидты хабарлай алады. Одан өзіміз де қорғана аламыз. Мысалы, астероидқа зымыран жіберіп, оның траекториясын гравитациялық түрде ауыстырып жіберуге немесе лазермен атқылауға болады. Ең соңында ядролық қарумен

атқылап, астероид атмосфераға кірмей жатып бөлшекке бөлуге болады. Сонда жерге қатты әсері тимейді. Міне, осындай қорғану тәсілдері бар. Дегенмен осы уақытқа дейін жерге қауіп төндірген астероид болған жоқ. Бұл қауіп бәрібір болғандықтан, барлық ел аспан әлемін бірігіп

зерттеп, күнде ғарышты қарап отырғандар бар.

— Ғарыш әлемінс қатысты кино

көп. Бірақ солардың қайсысы шындыққа жақын?

— «Аполлон-13», «Первый человек» фильмдері болған оқиға негізінде түсірілген. Арасына кішкене драма қосылғанымен, шынайылыққа жақын. Деректі фильм ретінде түсірілген. Марсианинде кейбір жағдайлар инженерлік тараптан дұрыс болып саналады. Ал «Интерстелларда» теориялық тұрғыдан кейбір сұрақтарға өте жақсы жауап берілген. Гравитация туралы түсініктемесі де жақсы. Бірақ фантастикалық гипотезалар бар. Сондықтан ол жерде теориялық тұрғыдағы ақпараттар басым.

— Ғарыш туризмі қазір дамып жатыр. Алдағы 20 жылда тағы қандай жаңалықтар болуы мүмкін?

— 20 жылдың ішінде ғарыш туризмі дамып кетеді деп айта алмаймын. Дегенмен қандай да бір ғарыш стансалар ұшырылуы, салынуы мүмкін. Немесе ғарышқа барып кішкене өмір сүріп келетін мүмкіндік болуы мүмкін. Айға ұшып баруымыз да мүмкін. Аспанда істен шығып қалған спутниктерді, ғарыштық қоқыстарды тазалауға мүмкіндік туатын шығар. Ғарышқа ұшырылған технологияларды барып, жөндеп келуге де жағдай жасалып қалар. Сондай дәрежеге жетпесек те, жақындауымыз мүмкін. Қауіпсіздік, реттеулер бойынша стандарттар қатаңдай түсері анық. Кез келген адам ғарышқа ұша бермей, жылына не 2-4 рет ғана адам ұшырылуы мүмкін. Мұның бәріне ұшып барып, келетін құрылғылар жеткілікті бола ма? Құр бекер ысырап-шылдыққа соқпаса, экологиямызды бұзбаса болды.

— Әңгіменіңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Көктем ҚАРҚЫН

**AIQYN**

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫБас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТГүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасарыМадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редакторЕлдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛТЫНСАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баияр ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
rekama.aikyn@gmail.com**ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:**
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет атпасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді**ТАРАЛЫМЫ: 40 000****Тапсырыс №4682**
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,